

Рудный қаласы әкімдігінің «№15 балалар бақшасы» КМҚК

Бекітілген:

2021 жылдың 27 тамызындағы

№1 педагогикалық кеңесінде

төрайымы Б.Воздакова



2021-2022 оқу жылына арналған
Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының
«XXI ғасырдың елдері» вариативтік
компонентінің жоспары.

Рудный к.2021 ж.

Түсінік хат

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық негізі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болып табылады, сонымен қатар ол қазақстандық білімді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарлама мақсаттардың бірі – білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

Дәстүрлі мектептен бағдарлы оқытудың айырмашылығы оқушыларды тереңдетіп оқу үшін нақты басым бағытты таңдап алуға мүмкіндік береді. Таңдау бірнеше нұсқаларды ұсынатын болғандықтан, бағдарлау-ең алдымен, білім берудің еркіндігін, вариативтілігін ескереді. Ал оның тереңдетіп оқытудан ерекшелігі- оқушыларға бірін-бірі толықтырып отырған бірнеше пәндер тобын оқуға мүмкіндік туғызылған.

Бағдарлаудың міндеті-мектептегі әрбір оқушы өзін табуы үшін, қандай қызмет саласына өзінің бейім екенін түсіну үшін оларға жағдай туғызу болып табылады.

Білім саласын реформалау мен дамытудың ауқымды міндеттерінің бірі оқушылардың тарихи білім беруді жетілдіру, жаңа сапалық деңгейге көтеру.

Үйірме білім алушылардың ойлау, таным қызметін дамытуға осы мақсатта оқытылып жатқан материалдағы оқиғаларға, тарихи қайраткерлердің қызметіне баға беру, өз пікірін білдіру, зерттеу жұмысы, жоба қорғау сияқты тапсырмаларға көбірек мән беріледі.

Бағдарлама мақсаты:

Берілген тақырыптар бойынша тарихи білім беруді жетілдіру, туған ел тарихын оқытуда Қазақстан Республикасының бір бөлшегі Қарасай ауданы тарихының оқушылар үшін алатын орнын ашып көрсету, оқушыларды туған жер тарихымен таныстыру, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- ✓ Оқушылардың тарихи білімдерді қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, тарихи оқиғалар, құбылыстарды дербес талдай білу;
- ✓ Қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқарастарын білдіру, күнделікті өмірде білімін қолдана білу дағдыларын дамыту;
- ✓ Мемлекеттік стандартта белгіленген міндетті деңгейден мүмкіндік деңгейіне жету;
- ✓ Тарихи деректермен жұмыс жасай білу және тарихи білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру;
- ✓ Жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;
- ✓ Еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу;
- ✓ Оқушылардың Отан тарихын оқып-білуде жүйелі білім алуы;
- ✓ Оқушыларда Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді дамыту;
- ✓ Аудан, ауыл тарихы туралы деректер жинау;
- ✓ Туған жер перзенттерін дәріптеу.

Тақырыптық - күнтізбелік жоспары

р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1.	Кіріспе	1	
2.	Қазақстан – Еуразия кіндігі	1	
3.	Алматы – әсем қала	1	
4.	Бас қала – Астана	1	
5.	Елбасым Нұр ата	1	
6.	Қазақстан жеріндегі кесенелер	1	
7.	Мұражайға саяхат	1	
8.	XXI ғасыр көшбасшысы	1	
9.	Тарихы дархан - Қостанай	1	
10.	Облысымыздың ұлы тұлғалары	1	
11.	Облыстың тарихи ескерткіштері	1	
12.	Мұражайға саяхат	1	
13.	Рудный қаласы туралы мағлұматтар	1	
14.	«Рудный» атауының шығу тарихы	1	
15.	Өлкеміздің тарихи тұлғалары (батырлар, қоғам қайраткерлері)	1	
16.	Өлкеміздің ақын-жазушы, әнші-сазгерлердің еңбектері	1	
17.	Шежірелер сыр шерткенде	1	
18.	Жергілікті жердің салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары	1	

19.	Ата-мұрасы – асыл қазына	1	
20.	Ерлікке тағзым – елдікке тағзым	1	
21.	Ер есімі – ел есінде	1	
22.	Қала мұражайына саяхат	1	
23.	Шырайлы Шымкент шахары.	1	
24.	Ақтөбе	1	
25.	Қарағанды	1	
26.	Тараз	1	
27.	Повладар	1	
28.	Өскемен	1	
29.	Семей	1	
30.	Атырау	1	
31.	Қызылорда	1	
32.	Орал	1	
33.	Петропавл	1	
34.	Түркістан	1	
35.	Көкшетау	1	
36.	Екібастұз	1	

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №1 конспектісі.

Варативтік компонент

Тақырыбы: Қазақстан – Еуразия кіндігі

Міндеттері: Қазақстанның ұлан-байтақ жері ата-бабаларымыздан найзаның ұшы, білектің күшінің арқасында мұра болып қалған қастерлі жер екенін оқушыларға түсіндіріп, өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Алдын –ала жұмыс: Презентация жасау, суреттер дайындау.

Әдіс –тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбері:

Кел, ойнайық, ойнайық,

Текке қарап тұрмайық.

Ойын ойға жетелер

Ойынға бір тоймайық.

Біз қай қалада тұрамыз?

Қалада қандай мәдениет орындары бар?

2.Негізгі бөлім

-Олай болса мұқият тыңдайық, қазір менің не туралы өлең оқитынымды айтасыңдар.

Қазақстан – бұл біздің Отанымыз,

Қазақстан – бұл біздің ардағымыз.

Кең байтақ Қазақстандай жерде туған

Біздің сірә, барма екен арманымыз?!

- Балалар өлеңде не туралы айтылған кім айтады?

-Дұрыс, Отанымыз туған жеріміз туралы айтылған. Бүгін біз «Менің Қазақстаным» тақырыбында әңгімелесетін боламыз.

-Балалар біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады.

Отан дегеніміз біздің еліміз, жеріміз, туған - туыс, бауырымыз, ауыл - қаламыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

-Осындай үлкен елімізді, жерімізді басқарып отырған кім?

-Жарайсыңдар! Суретте көргендеріңдей елбасымыз өздерің сияқты балалармен кездескенді жақсы көреді екен. Ол барлығымыздың атамыз. Елімізді бейбітшілікпен басқарып, барлық істерді ақылдылығымен көрегенділігімен шешіп отырған данышпан елбасымыз.

Балаларға а суретін көрсетіп, олардың мекендейтін жерлерін естеріне түсіреді.

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық

Дидактикалық ойын : Қайсысы қай баспанада тұрады?

Мақсаты: Аңдардың баспаналарын ажырата білу,үлкен кішіні ажырата алу.

Аю,қасқыр,қоянның суреті ілінеді. Әр көлемдегі баспаналардың суреті ұсынылады.

-Ең үлкен баспанада не кім тұрады?

-Ал, ең кішкентай баспанада кім тұрады? Әрине, дұрыс

-Ал, орташа баспанада кім тұрады? Дұрыс.

3.Қорытынды

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №3 конспектісі.

Варативтік компонент

Тақырыбы: Алматы – әсем қала

Міндеттері: Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту. Сөздік қорын байытумен бірге еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру, грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге, берілген сұраққа жауап беруге үйрету. Әсемдікке, сүйіспеншілікке, қамқорлық, еңбекшіл болуға тәрбиелеу.

Алдын –ала жұмыс: Презентация жасау, суреттер дайындау.

Әдіс –тәсілдер: Әңгімелету, түсіндіру, көрсету және сергіту.

Көрнекілігі: Алматы қаласының суреттері, ойын, көрме, слайд

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбері:

Ашық жарқын күніміз,

Болашақтың гүліміз.

Балабақша үйінің,

Жайнап тұрған гүліміз

Сәлеметсіздерме қонақтар,

Қош келдіңіз бәріңіз!

2.Негізгі бөлім

- Балалар қазір қай мезгіл?

-Қыс мезгілінде табиғат құбылыстары қалай өзгереді?

-Олай болса қыс туралы тақпағымызды айтайықшы? Кім айтады?

-Балалар біз қай қалада тұрып жатырмыз?

-Балалар бүгінгі біздің ҰОІӘ «Алматы – әсем қала!!!» деп аталады.

Алматы қаласында керемет көрікті жерлер өте көп.

Алматы – әсем қала! Ол Іле Алатауының баурайында орналасқан.

Алматы апорт алмасымен әлемге танылған. Қып – қызыл апорт алмалары дәмді, әрі ірі. Қалада саябақтар, демалыс орындары бар. Биік- биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді. Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған. Алматыда оқу орындары, мәдени орындары өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Көктөбе, трамплин спорттық ойындар алаңы, Шымбұлақ демалыс орындары, М.Әуезов театры, А.Құнанбаев атындағы театр. Алматыдағы ең биік үй – «Қазақстан» қонақ үйі. Алматы Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі.

С.Оспанов өлеңін оқып түсіндіру.

Жап – жасыл ағашы,

(ағаш-таза ауа, көлеңке)

Қып – қызыл алмасы.

(Алма-жеміс дәрумен)

Ақ басты тауы бар,

(Тау демалыс шынығу)

Алматы қаласы.

(Алматы үлкен, көркем, әсем)

Сергіту жаттығуы:

(Бейнебаян ютуб желісінен)

Ойын: Кім жылдам?

Ойын шарты: Сөзден сөйлем құрау. Мен бастаймын сендер жалғастырасыңдар.

- 1.Қаламыз..... гүлдене берсін
- 2.Еліміз..... аман болсын
- 3.Күніміз..... жақсы өтсін
- 4.Деніміз..... сау болсын
- 5.Күніміз..... ашық болсын
- 6.Тыныштық..... заман болсын
- 7.Ауамыз..... таза болсын
- 8.Суымыз..... мөлдір босын
- 9.Аман..... сау болайық
- 10.Досымыз..... көп болсын
- 11.Қаламызкөркейе берсін

3.Қорытынды

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №4 конспектісі.

Варативтік компонент

Тақырыбы: Бас қала – Астана

Міндеттері: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Есте сақтау қабілетін дамытып, көңіл - күйлерін көтеру.

Ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.

Алдын –ала жұмыс: Презентация жасау, суреттер дайындау.

Әдіс –тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі

Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?

-Олай болса мұқият тыңдайық, қазір менің не туралы өлең оқитынымды айтасыңдар.

Қазақстан – бұл біздің Отанымыз,

Қазақстан – бұл біздің ардағымыз.

Кең байтақ Қазақстандай жерде туған

Біздің сірә, барма екен арманымыз?!

- Балалар өлеңде не туралы айтылған кім айтады?

-Дұрыс, Отанымыз туған жеріміз туралы айтылған. Бүгін біз «Менің Қазақстаным» тақырыбында әңгімелесетін боламыз.

2.Негізгі бөлім

-Балалар біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады.

Отан дегеніміз біздің еліміз, жеріміз, туған - туыс, бауырымыз, ауыл - қаламыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

-Осындай үлкен елімізді, жерімізді басқарып отырған кім?

-Жарайсыңдар! Суретте көргендеріңдей елбасымыз өздерің сияқты балалармен кездескенді жақсы көреді екен. Ол барлығымыздың атамыз. Елімізді бейбітшілікпен басқарып, барлық істерді ақылдылығымен көрегенділігімен шешіп отырған данышпан елбасымыз.

- Елбасының негізгі жұмыс орны қай қалада?

Астана - қандай қала?

- Дұрыс айтасыңдар: Астана Отанымыздың жүрегі!

-Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

-Біздің тәуелсіздігімізді білдіретін рәміздерімізді атаңдаршы?

-Рәміздеріміз туралы тақпақ тар білесіңдер ме?

-Елбасымыздың жұмыс орны Ақорда ғимаратында екен. Онда елбасымыз басқа шет елден келген қонақтарды қабылдап ресми кездесулер өткізеді.

-Балалар Астана қандай әдемі (Видеороликтен суреттері көрсетіліп тұрады) сендерге ұнады ма?

-Балалар шаршап қалған сияқтымыз сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Көтеріліп шаңырақ,

Кергелер керіліп.

Өрімдей боп өріліп,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрініп.

Үстел-үсті ойыны: «Ғимараттарды орналастыр»

-Балалар жаңа біз саяхатта Астананың әдемі бейнесін көрдік. Ендеше сол ғимараттардың макетін ұжымдасып орналастырып көрейік.

-Балалар назар аударайық біз саяхатта өзіміз көрген Астананың бейнесін әдемі құрастырып шықтық. Бұл сендердің шеберліктеріңді көрсетті.

- Ал енді қызық болғалы тұр. Сикыршы керемет құрастырсаңдар сыйым бар деп кетті. Іздеп көрейік, ол қайда жасырып кетті екен?(Ғимараттардың жанын астын қарайды)

-Балалар мына кереметті қараңдаршы, мынау қандай ғимарат еді. Ендеше сикыршы сыйын бізге Ханшатыр сауда орталығынан алған болу керек. Қаптың ішін ашып көрейік не бар екен?

-Ой балалар қараңдаршы неге ұқсайды?

-Әрине сыртқы бейнесі туымызға ұқсайды. Ішінде не бар деп ойлайсыңдар?

-Олай болса мен қойған сұрақтарға дұрыс жауап берген бала Қазақстан шоколатына ие болады. Тамаша емес пе?

3.Қорытынды

Бүгін біз қандай тақырыпта әңгімелестік?

-Елбасымыз кім?

-Рәміздерімізді атап бер?

-Елордамыз қалай аталады?

-Бізге қонаққа кім келді?

-Балалар сендерге саяхатымыз ұнады ма?

-Біздің еліміз қалай аталады?

-Астанада қандай ғимараттарды көрдіңдер?

-Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіне белсенділікпен өте жақсы қатыстыңдар.

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
оқу қызметінің №5 конспектісі.**

Варативтік компонент

Тақырыбы: Ел басым Нұр ата

Міндеттері: Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев туралы түсінік беру. Елбасының еңбегін бағалауға үйрету. Туған жерін, елін сүйуге, құрметтеуге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Алдын –ала жұмыс: Презентация жасау, суреттер дайындау.

Әдіс –тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі

Балалар бәріміз шіңберге тұрайық.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

(Тәрбиешімен бірге қимыл жасап,сергіту сәтін айту)

Еліміз, жеріміз, Отанымыз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

Балалар, біздің жеріміз, орман, тау, өзен-көл, өмір сүретін ортамыз бәрімізге ортақ.

Осыны ешқашан естеріңнен шығармаңдар.

— Балалар, біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан Республикасында.

— Иә, біз ірі жер көлемі бар мемлекетте тұрамыз.

— Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

— Елтаңба, Көк ту, Әнұран.

Ән: «Нұрсұлтан ата»

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті кім?

-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

-Ия, балалар, біздің бүгінгі сабағымызда Нұрсұлтан атамyzға арналмақ. Себебі 1-ші желтоқсан ең бірінші тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан атамyzды сайлаған күн.

Біздің тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда сайланды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өмір жолы жолы қиын болған. Елбасымыз 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданындағы, Шамалған ауылында, Үшқоңыр жайлауында дүниеге келген. Мектепте жақсы оқыды. Ата-анасын құрмет тұтты.

Ұшқыш болуды армандайды.Алғашқы жұмыс қадамын Нұрсұлтан атамyz

Қарағанды қаласында бастаған. Кенші атаның ескерткіші орналасқан бұл қала көмірге бай. Картадан бұл қаланы тауып белгілейік. Қазір балалар Елбасымыз Нұрсұлтан қаласында тұрады. Бұл қала біздің елордамыз. Бәйтерек, ақорда, т.б. бар.

Елбасымыз Нұрсұлтан атамyz тәуелсіздік, еркіндік үшін күресіп Отанымыздың болашағы, балаларды қорғауға, білімді азамат етіп өсіруге күш салып, қаншама еңбек етті.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы туралы түсінік беру.

Рәмізім-елдігімнің белгісі,

Білу керек бала дағы ең кіші.

Рәміздерім-әнұран, ту, елтаңба,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Ту туралы түсінік беру .

Мемлекеттік туымыз бірыңғай көгілдір түсті. Көк түс –Қазақстан халқының бірлік,ынтымақ жолына адалдығын білдіреді. Қанатың жайған қыран құс –бар нәрсенің бастауындай,билік,айбындылық бейнесі.Күннің астындағы қалықтаған қыран елдің еркіндік сүйгіш асқақ рухын,қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін жария етеді.Ағаш сабына бекітілген тұстағы тік жолақ ұлттық оюлармен өрнектелген.Күн, қыран,ою -өрнек — алтын түсті. Қазақстан Республикасы мемлекеттік туының авторы- суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Туы

Көк аспандай көкпеңбек

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек

Елдің ашық қабығы.

Ақ ниеті – алтын күн,

Асқақ арман-қыраны.

Жалауы бұл-халқымның

Сергіту жаттығуы:

Дөңгелене тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уықтар боп иіліп,

Шаңыраққа киіліп,

Достық үйін құрамыз

Ойын:«Не жетіспейді?»

Мақсаты:Балаларды шығармашылыққа, жылдамдыққа үйрету.

Ойын-шарты:Балалар мынау не?

-шеңбер

Менің қолымда сары түсті шеңбер бар.

Шеңберді неге ұқсатуға болады?

-күнге

-Күннің түсі қандай?

-сары

- Күннің пішіні қандай?

-шеңбер

Балалар,күнінің шуағы жоқ,көңілсіз екен. Күнінің көңілін көтеру үшін кіркыстырғыштардан күнге шуақ берейік.

Балалар бүгінгі оқу қызметімізде не туралы өттік?

Елбасына қандай тілектер жолдар едің?

-Балалар түрлі жауаптарын айтты.

Тәуелсіздікті елге сыйлады,

Бейбітшілікті қалады.

Орындалып арманы,
Халқымызда ажарлы.
Осының бәрі әрине,
Елбасының арқасы.

3.Қорытынды

(Жыр шумақты зер салып тыңдайды.)

Мадақтау. Ұйымдастырылған оқу қызметін «Атамекен» әнімен қорытындыладық.

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №6 конспектісі.

Варативтік компонент

Тақырыбы: Қазақстан жеріндегі кесенелер

Міндеттері: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту

Дамытушылық: Балалардың сөздік молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыра отырып елімізге арналған тақпақтарды жатқа айтқызуға үйрету.

Тәрбиелік: Есте сақтау қабілетін дамытып, көңіл - күйлерін көтеру.

Қазақстанның ұлан-байтақ жері ата-бабаларымыздан найзаның ұшы, білектің күшінің арқасында мұра болып қалған қастерлі жер екенін оқушыларға түсіндіріп, өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сөздікпен жұмыс: сәулет өнері, кесене.

Алдын –ала жұмыс: Презентация жасау, суреттер дайындау.

Әдіс –тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі

Балалар бәріміз шіңберге тұрайық.

Шаттық шеңбері:

Қуанайық, шаттанайық балақай!

Аспанда күн жарқырайды, алақай!

Атқан таңға иіліп, сәлем беріп,

Бәрімізге бақыт тілеп осындай.

Қазақстан Республикасының мемлекетік Әнұранын орындалады.(Әнұран қойылғанда мультимедиялық тақтадан қазақ елі туралы бейне ролик көрініп тұрады)
Балалар сөздерге қатысты қимылдар жасай отырып қайталайды.

Балалар қолдарын кеудесіне қойып әнұранды айтады.

2.Негізгі бөлім

Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің кандай?

-Олай болса мұқият тыңдайық, қазір менің не туралы өлең оқитынымды айтасыңдар.

Қазақстан – бұл біздің Отанымыз,

Қазақстан – бұл біздің ардағымыз.

Кең байтақ Қазақстандай жерде туған

Біздің сірә, барма екен арманымыз?!

- Балалар өлеңде не туралы айтылған кім айтады?

-Дұрыс, Отанымыз туған жеріміз туралы айтылған. Бүгін біз «Қазақстан жеріндегі кесенелер» тақырыбында әңгімелесетін боламыз.

-Балалар біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады.

Отан дегеніміз біздің еліміз, жеріміз, туған - туыс, бауырымыз, ауыл - қаламыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

-Осындай үлкен елімізді, жерімізді басқарып отырған кім?

-Жарайсыңдар! Суретте көргендеріңдей елбасымыз өздерің сияқты балалармен кездескенді жақсы көреді екен. Ол барлығымыздың атамыз. Елімізді бейбітшілікпен басқарып, барлық істерді ақылдылығымен көрегенділігімен шешіп отырған данышпан елбасымыз.

1. Сәулет өнері (архитектура) –құрылыс, тұрғын үй салу және жобалау өнері.
2. Кесене — қайтыс болған адамдардың басына тұрғызылған құрылыс.

Сәулет өнері тағы да тамаша туындыларының бірі Арыстан баб кесенсі, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Көккесене, Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі т.б. кесенелер жатады. XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қалалық отырықшылық мәдениеттің жандануы нәтижесінде XIV-XV ғасырларда ірі сәулет құрылысы басталды.

Сергіту жаттығуы:

Дөңгелене тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Достық үйін құрамыз

Ойын:«Не жетіспейді?»

Мақсаты:Балаларды шығармашылыққа, жылдамдыққа үйрету.

Ойын-шарты:Балалар мынау не?

-шеңбер

Менің қолымда сары түсті шеңбер бар.

Шеңберді неге ұқсатуға болады?

-күнге

-Күннің түсі қандай?

-сары

- Күннің пішіні қандай?

-шеңбер

Балалар,күнінің шуағы жоқ,көңілсіз екен. Күнінің көңілін көтеру үшін кірқыстырғыштардан күнге шуақ берейік.

Балалар бүгінгі оқу қызметімізде не туралы өттік?

Елбасына қандай тілектер жолдар едің?

-Балалар түрлі жауаптарын айтты.

Тәуелсіздікті елге сыйлады,

Бейбітшілікті қалады.

Орындалып арманы,

Халқымызда ажарлы.

Осының бәрі әрине,

Елбасының арқасы.

3.Қорытынды

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №9 конспектісі.

Варативтік компонент

Тақырыбы: Тарихы дархан Қостанай

Міндеттері: Болашақта туған елімізді, тілімізді, жерімізді аялауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Оқушылардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтырып, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру. Туған қаламыз Қостанай жайлы мағлұмат беру, білімдерін толықтыру.

Қажетті құрал жабдықтар: суреттер, слайдтар, презентация, буклет

Билингвалдық компонент: туған қала-родной город

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

1.Ұйымдастырушылық кезеңі:

«Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасындар. Әр адаммен әртүрлі амандасасындар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.

2.Негізгі бөлім.

Рұхани жаңғыру тақырыбында балаларға суреттер көрсетіп түсінік беру. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі аталған құндылықтарды жастарға насихаттаумен байланысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы білім саласында.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Аталмыш мақала Кіріспе, қорытынды және екі бөлімнен тұрады.

Балаларға "Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру" тәрбиесі сағатының аясында "Менің сүйікті қалам" тақырыбында балалармен әңгіме жүргізілді.

Презентация «**Қостанай –туған қалам**»

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан.

Қостанай облысында 5 қала, 16 аудан бар. Қалалары: Рудный, Жетіқара, Арқылық, Лисаковск.

Облыс орталығы — Қостанай қаласы.

Қостанай 1879 жылы Тобыл өзенінің жағасына салынған.

Біздің қалада жалпы білім беретін бірнеше мектеп, колледждер, жоғарғы оқу орындары және көптеген мәдениет орталықтары бар.

Біздің жерлестеріміз: Б.Майлин, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов.

Қалада А.Байтұрсынов атында мемлекеттік университет және Ы. Алтынсарин атында мектеп-интернаты бар.

Қостанайда өлкетану мұражайы және Ы. Алтынсарин атындағы мұражай бар. Орталықта Толстой атындағы үлкен кітапхана бар.

Қостанайда мәдениет орындары: Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театры және М.Горький атындағы орыс драма театры.

Қаладағы өнеркәсіп орындары: «Баян-сұлу» кондитер фабрикасы,

«Большевичка» тігін фабрикасы. Қостанайда әдемі, зәулім ғимараттар көп.

- Буклеттер, мақал-мәтелдер, жер туралы нақыл сөздер, мақалдар айту.

3.Қорытынды

-Балалар біз қай қалада тұрамыз?

-Қостанай қаласының қандай жерлері ұнайды?

-Қостанай қаласында қандай ескерткіштер бар?

№9

Тақырыбы: Тарихы дархан - Қостанай.

Мақсаттары:

1.Тәрбиелік: Болашақта туған елімізді, тілімізді, жерімізді аялауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

2.Дамытушылық: Оқушылардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтырып, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру.

3.: Туған қаламыз Қостанай жайлы мағлұмат беру, білімдерін толықтыру.

Педагогикалық технологиялар: жобалау технологиясы

Ресурстармен қамтамасыз ету: суреттер, слайдтар, презентация, буклет

Билингвалдық компонент: туған қала-родной город

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

1.Ұйымдастырушылық кезеңі:

«Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.

Негізгі бөлім.

Рұхани жаңғыру тақырыбында балаларға суреттер көрсетіп түсінік беру. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі аталған құндылықтарды жастарға насихаттаумен байланысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:

рухани жаңғыру» мақаласы білім саласында.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Аталмыш мақала Кіріспе, қорытынды және екі бөлімнен тұрады.

Балаларға "Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру" тәрбиесі сағатының аясында "Менің сүйікті қалам" тақырыбында балалармен әңгіме жүргізілді.

Презентация «Қостанай –туған қалам»

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан.

Қостанай облысында 5 қала, 16 аудан бар. Қалалары: Рудный, Жетіқара, Арқылық, Лисаковск.

Облыс орталығы — Қостанай қаласы.

Қостанай 1879 жылы Тобыл өзенінің жағасына салынған.

Біздің қалада жалпы білім беретін бірнеше мектеп, колледждер, жоғарғы оқу

орындары және көптеген мәдениет орталықтары бар.

Біздің жерлестеріміз: Б.Майлин, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов.

Қалада А.Байтұрсынов атында мемлекеттік университет және Ы. Алтынсарин

атында мектеп-интернаты бар.

Қостанайда өлкетану мұражайы және Ы. Алтынсарин атындағы мұражай бар. Орталықта Толстой атындағы үлкен кітапхана бар.

Қостанайда мәдениет орындары: Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театры және М.Горький атындағы орыс драма театры.

Қаладағы өнеркәсіп орындары: «Баян-сұлу» кондитер фабрикасы, «Большевичка» тігін фабрикасы. Қостанайда әдемі, зәулім ғимараттар көп.

- Буклеттер, мақал-мәтелдер, жер туралы нақыл сөздер, мақалдар айту.

Қорытынды бөлім:

-Балалар біз қай қалада тұрамыз?

-Қостанай қаласының қандай жерлері ұнайды?

-Қостанай қаласында қандай ескерткіштер бар?

Мақал жаттау.

Туған жердей —жер болмас,

Туған елдей ел болмас!

№10

Тақырыбы: Облысымыздың ұлы тұлғалары

Мақсаты: 1. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін балаларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

3. Балалардың танымдық деңгейін дамыту

Ресурстар: Ахмет Байтұрсынұлының портреті, кітап көрмесі, ақынның қанатты сөздері, видеоролик, презентация.

Тәрбие сағатының өту барысы:

Мұғалім: -Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады.

Ахмет Байтұрсынұлы... Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен-қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

-Ахмет Байтұрсынұлы өмірі туралы не білеміз, қане ортаға салайық. Ол кісі қай жылы, қай өңірде дүниеге келген? (Кластер құру)

Ахмет Байтұрсынұлы

1-оқушы: Зерегүл

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын- аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл толған мерейлі жыл.

2-оқушы: Наркен

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының “Әліпбиімен” ашып, ана тілін Байтұрсынұлының “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

3-оқушы:Тоғжан

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген.

4-оқушы: Арай

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882- 84 ж. әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886- 1891 ж. Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

5-оқушы:Әмина

1895 жылы 1 маусымнан бастап мұғалім болады. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылық саясатын айыптайды.

7-оқушы: Бейбарыс

1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан, кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең – жыр тудырады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл бедел- атағы өсе бастайды.

Ақынның өлеңдері оқылады

«Оқуға шақыру» өлеңін Жанель оқыды.

4-оқушы: Бейбарыс

«Адамдық диқаншысы»

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ- қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет

Құлдарға құлдыктан жоқ артық зейнет.

Оттай бер, жануарым, екі аяқты-

Адамдық айуанға қанша қажет

5- оқушы: Аңсар

Жаратқан малды құдай не керекке-

Мінуге, сою, соғу, жөндемекке.

Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,

Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,

Көк есек қозғала ма түрткенге айдап.

Есептен алдағандай болғандар көп,

Жасықты, асыл ма деп, білмей қайрап.

Мұғалім: Ахмет Байтұрсынұлы- ақын және аудармашы. Оның өлеңдері “Қырық мысал” , “Маса”, “Үзік” деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған. “Масаға” енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық,

қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы. (презентация)

Көркемсөз оқушы: Нұрлы

Ызыңдап ұшқан мынау біздің сары маса,

Сап- сары аяқтары ұзын маса,

Өзіне біткен түсі өзгерілмес,

Дегенмен қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?

Оқушы: Айым

Ахмет тек өзі ғана жазып қоймай, аудармашылықпен де айналысқан. Ол «Қырық мысал» 1909 жылы Петербург қаласында бастырады. Орыстың классик мысалшысы И.А. Крылов мысалдарының бір тобын аударған. Крыловтан аудармалары өз еліне тән, жақын екенін сезіп отырып таңдаған. Бұл тұңғыш аударма еді. Ол «Замандастарыма» деген кіріспесінде

«Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Өзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа- сабыр,

Қомсынып қоңырайма, құрбыларым»- дейді.

(Мұғалімнің толықтыруы, презентация)

«Қасқыр мен қозы» мысалынан көрініс (Аружан, Заңғар, Ақтоты, Абдурахман

Автор:

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,

Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі.

«Бәрі жоқ, десең шығар, бөрік астынан»,

Пәле мен қаза алыс па келсе кезі.

Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі

Қозыға жетіп келді жайнап көзі.

Жемекке кінә қойып сол арада,

Жала ғып, міне, Қасқыр айтқан сөзі:

Қасқыр:

«Сен, Қозы, текке қарап жүре алмайсың,

Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.

Мойныңды қазір жұлып алайын ба,

Суымды неге былғап, лайлайсың»

Қозы:

«Қасқыр, тақсыр, тоқта азырақ

Тергеңіз кінәм болса ғаділ бірақ.

Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,

Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ.

Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам,

Мүмкін бе лайлауға осы арадан

Сіз түгіл, өзгеге жоқ қиянатым,

Не шара жеткен болса бүгін қазам»

Қасқыр:

Бекер ме, менің сөзім

Білесің жалғаншы деп кімді өзің

Әкенді алдындағы танымасың

Балам, сен байқап қара, ашып көзің

Осындай сөздер мені күйдіреді,

Десем де шыдайын-ақ етіп төзім.

Есімнен өле-өлгенше кете қалмас

Былырғы осы арада сөккен сөзің.

Қозы:

«Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр

Келемін жарты жасқа күзге, тақсыр

Жаралып дүниеге биыл келсем,

Тиемін былтыр неғып, сірә, тақсыр»

Қасқыр:

«Ол енше сен болмасаң, сенің ағаң,

Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.

Ит болсын, қойшың болсын, қожаң болсын,

Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маған»

Қозы:

«Нансаңыз ағам да жоқ, інім де жоқ,

Уа, қайыры нашарлықтан мінім де жоқ.

Нақақтан мені тақсыр күйдіресіз,

Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ».

Қасқыр:

«Ол саған әлде күйеу, әлде құда,

Сүймейді қой атаулы мені жүдә..

Иә бөлең, иә жиенің, иә нағашың,

Әйтеуір, саған ұқсас еді о да.

Қой заты талай жәбір берді маған,

Соларын мен де істеймін енді саған.

Кегімді қойдан алмай кімнен алам

Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған».

Қозы:

«Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің,

Жәбір қой біреу үшін күйдіргенің»

Қасқыр:

«Үндеме! Жетер! Қазір мұрсатым жоқ

Тұруға ақ-қараңды тергеп сенің.

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,

Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып.

Айтайын, білгің келсе, Қозым, саған,

Кінәң сол- жегім кеп тұр қарным ашып».

Автор:

«Шошиды Қозы байғұс құлқын танып,

Құтылар білгенменен онан нағып

Болсын ба Қозы жұмыс Қасекеңе,-

Жөнелді иығына салып алып.

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,

Белгілі етер ісі алып барып.

Осындай жазықсызды жазғыратын

Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,

Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.

Нашарды талай адам талап жеп жүр,

Бөріден артық дейміз оның несі».

2-оқушы: Асима

-Қазағым , елім,

Қайқайып белің

Сынуға тұр таянып

Талауда малың,

Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып» деп халқын келешекке бастаған ақынды ашындырған-патша заманының зұлым саясаты, зорлық-зомбылығы, қорлығы еді.

Мұғалім: Сонау қылышынан қан тамған қаһарлы жылдары жазықсыз мыңдаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударылып кетті. Кейбір деректерге қарағанда 6 млн. адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 900 мыңдайы атылған. Сондағы 25 мыңға жуық қазақтың ішінде бес арысымыз Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы болған еді.

...Адам өмірінде болатын аумалы-төкпелі уақыт қайғысымен де, қуанышымен де ерекше айқындалатын болса керек. Ахмет Байтұрсынұлы тағдыр толқындарынан, қайғы-қасірет сілкіністерден, тар жол тайғақ кешулерден өткен еді...

оқушы: Жанель

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша үкіметінің әділетсіздігіне қарсы наразылық білдірушілердің қатарында болғаны үшін, 1909 жылы Семей түрмесіне қамауға алынады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерде тұруға үкім шығарып, 1910 жылдың наурызынан 1917 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында тұрады. Семей түрмесінде жатқанда анасына арнап «Анама хат» атты өлең жазды.

Оқушы: Аруна

Анама хат

Қарағым, айналайын, қамқор анам

Арнап хат жазайын деп алдым қалам.

Сені онда, мені мұнда аман сақтап,

Көруге жазғай еді хақ тағалам

Бара алмай, өтірікші болып әбден,

Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет- өр зорлыққа не бар шараң
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.
Оқ тиіп он ішімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.

Оқушы: Ерсұлтан

Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам
Көп айтпай, қысқасынан сездіретін
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң,

1-оқушы: Репрессия құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының тағдырынан сахналық көрініске кезек берейік.

Сот үрдісінен көрініс

ОГПУ тергеушісі, сұсты қатал үнмен: -Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы Торғай губерниясында бай-болыстың семьясында туған. Ұлты-қазақ. Ол үкіметке қарсы «Алаш» партиясы-ұлтшылдардың жасырын ұйымы. Бұл партия Совет үкіметіне қарсы қастандықтар ұйымдастырған. Байтұрсынов-жат пиғылды, революцияға қарсы, еңбекшілдер үкіметін жек көретін адам. Барып тұрған халық жауы. Байтұрсыновтың айыбы жасырын қазақ ұйымына неген және ұйымдастырушылардың бірі, ол жасырын түрде ұлтшылдық бағыттағы «Алаш» партиясын ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған. Қылмыстық істер кодекісінің 58 бабының 7,8,11 тармақтарына сай Ахмет Байтұрсынов атылсын!

(тергеуші Ахметті жұлқып әкетіп бара жатады)

Ахмет: Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз ауылымның иттері үріп қашқаны...

Хош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,

Айдай бер қалса адамның қуылмаған.

(Ахметті жұлқып алып кетеді, сахнаға Ахмет қайра шығады)

Ахмет: Мен өлсем де өлемін жөнімменен,

Тәннен басқа не алар ем өлім менен?!

Өлген күні апарып тығары-көр,

Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер,көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса-ұқпасын, жабықпаймын,

Ел-бір күншіл, менікі-ертеңгі үшін.

Оқушы:

1937 жылы екінші рет ұсталып, сталиндік репрессияның пышағына ілініп, атылады. Қазақ халқы өзінің рухани көсемінен осылайша мәңгіге айрылды.

Асықпаңдар! Артымызда қазы бар,

Тергеп талай, көрлеріміз қазылар... -

деп өзі айтқандай 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсыновты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді

Мұғалім: -Ахмет Байтұрсынұлының -еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахмет Мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ах өзінің басшысы деп санайды. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына

істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

-Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы-баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

Қорытынды: “Сандықша” сұрақтары

Мұғалімі: сандықшаның ішінде Ахмет атаның мысалында кездесетін зат жатыр. Оның көмегімен өзіңнің бейнеңді көруге болады. Ол не?

Балалар: Айна

- Ал мына затты кейіпкер ем үшін киемін деп алады.

Балалар:Көзілдірік

- Мына затты пайдаланған мысал кейіпкері байлыққа құнығып кетеді.

Балалар: Әмиян

- А. Байтұрсыновтың өлеңдер жинағының “Маса” деп аталуының себебі неде?

(Өлеңдерін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты)

Я құдайым! Аққа жак!

Өзіңе аян- мен нақақ.

Аққа деген жолымның

Абыройын ашпай, жап! - бұл шумақтар қай өлеңнен алынған?

(“Тілек- батам”)

2. Жас Ахметтің жүрегіне жара түсіріп, “Анама хат” өлеңінің жарық көруіне себеп болған қандай оқиға?

(Патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық- зомбылығы)

3. Әйгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге тарту ретінде Москвада жарық көрген кітабы?

(“Ер Сайын” жыры)

4. “Қазақ қалпы” өлеңінде Ахмет Байтұрсынов қазақ елін неге теңейді?

(Теңізде жүзіп жүрген еспесіз қалтылдақ қайыққа теңейді)

5. А. Байтұрсыновтың “Ақын ініме” өлеңі кімге арналған?

(Міржақып Дулатовқа арналған)

Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны

1. А. Байтұрсынов қай жылы дүниеге келген?

(1873 жылы)

2. Қай қалада мұғалімдік мектепте оқып, білім алған?

(Орынбор)

3. А. Байтұрсынов қай газетке редактор болған?

(“Қазақ” газеті)

Мұғалім: Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахмет рухына тағзым ете отырып, бүгінгі тәрбие сағатын осымен аяқтайық.

№11

Слайд қарау:

Тақырыбы: Облыстың тарихи ескерткіштері

Мақсаты: Балалардың тарихи ескерткіштер туралы білуіне жағдай жасау. Тарихи ескерткіштерді тануға үйрету.

1917-1919 жж. Қазақстандағы Солтүстік өкіметі үшін белсенді қатысушы Амангелді Имановтың ескерткіші. Амангелды Иманов – қазақ халық батыры, 1916 ж. Торғай облысындағы ұлттық-бостандық көтерілісінің басқарушысы. 1917-1919 жж. Қазақстандағы Кеңес үкіметі жеңісі және нығайту күресінің белсенді қатысушы. 1918 ж. бері Коммунистік партияның мүшесі. ...

толығырақ



Қазыбек би ескерткіші (1659 – 1765 жж.)

Қазыбек би Келдібекұлы (1667 - 1764 жж. басқа да мәліметтер бойынша 1665 - 1765 жж.) – қоғам және мемлекет қайраткері, Орта жүздің биі, Тәуке ханның кеңесшісі, шешен. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жыл



А. Байтұрсыновтың ескерткіші (1873-1937 жж.)

Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының атақты ұлы, ұлттың рухани көшбасшысы, көрнекті ағартушы, ғалым-түркітанушы, лингвист, қазақ тілі орфографиясының реформаторы, алғашқы қазақ оқулықтарын құрастырушы, ақын, публицист, алғашқы жалпы ұлттық «Қазақ» газетінің негізін салушы, көрнекті қоғам және саяси қайраткер. Байтұрсынов тамаша әдебиетші, педагог,...

[Толығырақ](#)



Б. Майлиннің ескерткіші (1894 – 1939 жж.)

Бейімбет (Бимұхамет) Жармағамбетұлы Майлин - жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, 1894 жылы 15 қарашада Таран ауданында дүниеге келді. Медреседе (1911 - 1912 жж.), Троицк қаласындағы «Уазифа» мектебінде (1913 ж.), Уфа қаласындағы Галия медресесінде (1913 - 1915 жж.)...

[Толығырақ](#)



Тұрғын үй (А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ әкімшілік-шаруашылық қызметі)

XX ғасырдың басындағы Қостанай қ. тарихи құрылыстарының элементі, Ғасырдың басында сәулетте классика тәсілдерімен үйлестіріп эклектика пайдаланудың үлгісі. Авторы, құрылысшысы, құрылутарихы - белгісіз. 2010 жылдан бастап ғимаратта А. Байтұрсынов мұражайы және А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ жанындағы археология мұражайы орналасқан Ескерткіш...

[Толығырақ](#)



Көпес Кияткиннің үйі (Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі)

Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңдегі тұрғын үй сәулетінің ескерткіші. XX ғасырдың басындағы модерн үлгісі. Авторы, құрылысшысы – белгісіз. Ғимарат XX ғасырдың басындағы азаматтық сәулет ескерткіштерінің бірегей үлгісі болып табылады. Қазақстанда аз сақталған шынайы модерн үлгісінің бірі. Үй бір қабатты, көше қиылысында...

№12

Тақырыбы: «Мұражайға саяхат»

Мақсаттары:

Тәрбиелік: балаларды Отан сүйгіштікке баулу, туған еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту арқылы тәрбиелеу.

Дамытушылық: балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

Оқыту: тақырыпқа байланысты сөздерден сөйлемдер құрастыра алу, мақал-мәтелдерді жатқа айта алу; өткен тақырыптарды қайталау, шағын сөйлем құрастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарының айтылуын қадағалау. «Мынау кім?» «Бұл кім?», «Қандай?» , «Не істедім?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Педагогикалық технологиялар: ойын технологиясы, үштілдік оқыту технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, ақпараттық коммуникативтік технология, тұлғалық бағдарланған технологиялар.

Ресурстармен қамтамасыз: экран, ленталар, карточкалар, В.Воскобовичтің дамытушылық ойындарынан коврограф, игровизор, ұлттық заттар, суреттер.

Көптілділік:

Орыс тілі:

Флаг, герб, гимн

English: flag, coat of arms, hymn

1. Ұйымдастырушылық кезеңі

Кел достарым, келіңдер,

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді!

Мұражайға келіңдер!

Толтырайық шаттыққа

Дөңгеленген шеңберді.

Мұғалім балаларды мұражайға назар аударуды ұсынады.

- Ребята, мы с вами находимся в музее,

-Обратите внимание, как все здесь красиво, уютно.

Негізі бөлімі

1. Сұрақ –жауап /слайд/

-Біз қандай қалада тұрамыз?

-Қостанай қаласы қандай ?

-Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?

- Мынау қандай қала?

-Мынау не?

- Тудың түсі қандай?

- Мынау не?

-Тағы қандай рәміздерді білесіңдер?

/Гимнді орындау/

- Мынау кім?

-Ол қандай қызмет атқарады?

2. Мұғалім балаларға ойын ойнауды ұсынады.

Түрлі –түсті ленталармен Отан туралы сөйлемдер айту.

-Қандай лента?

-Отан деген не?

-Отан қандай?

Д/о «Түрлі түсті ленталар»

-Балалар көтерген ленталар неге ұқсайды?

- Балалар біздің қыздар құрастырған шаңырақ өте әдемі болды, жарайсыңдар.

-Ал мен сендерді мына шаңыраққа шақырамын.

Мына әдемі сандық ішіндегі заттарды алып киіз үйдің ішін безендірейік.

3. Д/ ойын «Ғажайып сандық»

-Балаларға музыкалық сергіту сәтін жасауға ұсынады.

Сергіту сәті

«Көңілді күн»

5. Мұражаймен саяхатты жалғастыруды ұсынады.

- Ал, мына бұрышта Қостанай қаласының суретшілері Александр Никифоров Вадим Быков, Георгий Соковтың бар.

- Балалар, бізде суретшіге айналып кілем үстіне композиция жасайық.

Дидактикалық жаттығу «Менің отбасым»

- Отбасында кімдер тұрады?

- Отбасында неше адам тұрады?

- Сенің отбасында неше адам бар?

- Отбасы қандай?

6. - Балалар, қараңдаршы біз бір –бірімізге ұқсамаймыз, түрлі ұлт өкілдеріміз.

Бірақ біз тату- тәтті тұрамыз.

-Қандай мемлекеттік мерекелерді білеміз?

«Көптілділік жолында» жұмыс дәптері.

Тапсырма. Ұлттық киімдерге тиісті бас киімдерді тап, сызық арқылы қос.

- Мынау қандай ұлт?

-Қазақтың ұлттық киімдерін ата?

Мұғалім балаларды ұлттық киімдер бар жердегі қуыршақтарды қарауға ұсынады.

7. Отанымызды қаншалықты жақсы көреміз, мына алма арқылы Отан туралы мақал –мәтелдерді атап шығайық. Мен бастайын сендер жалғастырыңдар. **Тапсырма:** «Ғажайы алма» мақала – мәтелдерді жатқа айту.

-«Отан оттан да ыстық»

-«Отансыз адам -ормансыз бұлбұл»

-«Жері байдың-елі бай»

-«Туған жер – алтын бесік».

-«Гүл ексен жеріне ек»

-«Отан отбасынан басталады»

-«Отан елдің анасы

-«Ер елдің баласы»

-«Туған жердей жер болмас

Туған елдей ел болмас»

- «Отанды сүю — от басынан басталады»

-«Туған жерге туынды тік»

- «Туған жердің жуасы да тәтті.»

Қорытынды:

- Балалар біз қайда саяхатқа шықтық?

- Өз Отандарына қандай тілек айтар едіңдер?

- Балалар мұражайдың мына бұрышында қазақ халқының зергерлік бұйымдары бар. Сендерге естелік ретінде қыздарға сақина, ал ұл балаларға сувенирлерді сыйлаймын

№13

Тақырыбы: Рудный қаласы туралы мағлұматтар

Мақсаты:

1. Білімділік. Балаларды Рудный қалаларына сырттай саяхат жасай отырып, сөйлеу тілін дамытуға, сөздік қорын молайтуға ықпал ету.
 2. Дамытушылық: ой-өрісін дамыту, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
 3. Тәрбиелік: Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру.
- Сабақтың көрнекіліктері: ҚР-ның картасы, суреттер, Қазақстан Респ -ның рәміздері, грамматика кестесі, презентация.
- Сабақтың әдісі: Сұрақ – жауап, әңгімелесу, түсіндіру.
- Сабақтың барысы:
- I. Ұйымдастыру кезеңі.
1. Сәлемдесу; 2. Кезекшімен сұхбат.
- II. Ұй жұмысын тексеру: Өткен тақырыптарға шолу жасау. (сұрақ – жауап)
- III. Ал, енді жаңа тақырыпқа көшейік.
- Сабағымызды мына өлең жолдарымен бастайық...
- Қарағанды-қара алтынның қоймасы,
Қостанайым-алтын астық қамбасы,
Ал Ақтөбе - ақ тарының мекені,
Қызылорда - күріштің сыр сағасы.
Атырауым - мұнаймның ордасы,
Ақтау болса, Каспийімнің жағасы,
Сұлу Семей - Абайымның даласы,
Көкшетауым - табиғаттың аясы.
Алматы – астанасы апорттың,
Ал Астана - Еліміздің ордасы.
- Осыдан кейін сабақтың тақырыбын ашамыз. («Қазақстан қалалары») Мақсатын айтып кету.
- Сөздік жұмысы:
- Тәуелсіз-независимое Егеменді-суверенное
Құнарлы-почвенная Ерекшеліктері-особенности
Топырақ –земля, почва. Күріш-рис
Астық-урожай Әйгілі-известный
(оқу, аудару, дәптерге жазу) Сөздерге дыбыстық талдаулар жасау, буындарға бөлгізу.
- Мәтінмен жұмыс:
- Мұғалім оқиды, оқушылар тыңдайды
- «Қазақстан қалалары»
- Біздің Отанымыз - Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз, егеменді, өте бай, ең үлкен мемлекет. Қазақстанның жері өте үлкен, топырағы да аса құнарлы. Қазақстанда қалалар көп. Ең үлкен қалалары - Алматы, Шымкент, Қостанай, Қарағанды болып саналады. Әр қаланың өз ерекшеліктері бар. Мысалы, Қызылорда күрішке бай болса, Атырау мұнайға бай. Көкшетаудың табиғаты өте сұлу. Қостанай – астыққа ең бай өлке. Ал Алматы апорт алмасымен әйгілі қала. Еліміздің жүрегі, әсем қала - Астана қаласы.
- Тапсырмалар:
1. Оқушылар түртіп оқу стратегиясы арқылы мәтінді оқып, аударды.
 2. Сын есімнің шырайларын табындар, талдаңдар.
- СЕРГІТУ СӘТІ:
- «Ойлан, тап!» ойынын жарыс түрінде өткіземін. (ЖАҢА СӨЗДЕР ҚҰРАСТЫРУ)
- 1 ТОП: ҚАРАҒАНДЫ
- 2 ТОП: ҚЫЗЫЛОРДА

Қосымша жинаған мәліметтерін айтады. 1949 жылы 18 ақпанда Алтай геологиялық-барлау экспедициясының ұшқышы М.Г. Сургутанов «Сарыбай» шатқалының үстінен ұшып бара жатып, кенеттен компас тілі оңтүстікке бұрылғанын байқады. Үш ай өткен соң Сургутановтың магниттің кенеттен ауытқуын байқаған жеріне геологтар мен географтар келді. Олар Сарыбай мекенінде ірі кен орны жатқанын анықтады. 1949 жылғы көктемде В.П.Новиков Соколов темір кені пайдалы қазбасын ашты.

1954 жылғы жазда үкімет комбинат құрылысын бастау жөнінде нұсқау берді. Осы уақытта қала құрылысы да басталды. 1955 жылғы мамырда алғашқы құрылысшылар келді, олар трест басқарушысы Я.М. Гиммельмаш және В.Ш.Буреш болатын. Кеншілер бұл уақытта геологтардан Комсомольск поселкесін алып, өздерінің қарапайым үйлерін құрылысшыларға берген болатын. Қолда бар тұрғын үй қорына қосымша ретінде палаткалар орналастырылды, сондай-ақ жиналмалы қалқан үйлер бой көтерді.

1955 жылы 13 қаңтарда тал түсте алғашқы жарылыс болды. Жарушылар қатқан үлкен топырақ кесегін әуеге көтерді, дизель экскаваторының тәжірибелі машинисі Александр Попов және ауысым бойынша жұмыс істейтін оның әріптестері Павел Малютин, Григорий Киселев тау жынысының алғашқы шөміштерін автомашиналарға тиеді. Жүргізушілер оның алғашқы ондаған текше метрлерін үйінділерге шығарды. Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының және Рудный қаласының құрылысы осылайша басталған болатын.

Рудный қаласы... Бұл атау, әрине, Үлкен Торғайдың темір кенінің орасан үлкен қорлары болуынан шықты, [Соколов](#) және [Сарыбай](#) кен орындары оның інжу-маржаны болып табылады. Қала құрылысы жөнінде алғашқы рет Ленинград институтының «Гипро-руда» жобасында сөз болады, онда карьерлерге сипаттама беріледі, кен дайындау фабрикаларының, электр стансасының, құрылысшылар базасының және ... кеншілер қаласының орны [Тобыл](#) өзенінің жағасы деп белгіленеді.

Бұл 1953 жылы күзде болатын. ССКБК құрылған күні - 1954 жылғы 30 маусым, КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысында комбинат құрылысын бастау жөніндегі шешімнен басқа қала құрылысы жөнінде де айтылады. Алайда 1954 жылғы 30 маусым мен 1957 жылғы 30 тамыз аралығында бақандай 3 жыл жатты, бұл жылдар жігер мен романтикаға толған әрі ұзақ, әрі қысқа жылдар болатын.

1955 жылы комсомол жолдамаларымен Үлкен Торғайға алғашқы 4 мың адам келген болатын. Бастапқыда Комсомольск, Павловск, Алексеевка поселкелеріне, палаткаларға қоныстанды. Бұл жерге көбісі ұзақ уақытқа, тіпті тұрақты тұруға көшіп келген болатын, сондықтан кен алыбын игеру мақсатынан басқа көкейде өз шаңырағым болса ғой деген арман болатын. Палаткадан жасалған ең үлкен қалашық «ВЛКСМ» кинотеатры ауданында еді. Онда жетпіс палатка болды, сондықтан ол Семидесятипалатинск (Жетпіс палата) деген атпен тарихта қалды. Басқа палата қалашықтары Комсомольск поселкесі жанында нан зауыты ауданындағы 39 махаллада болды, жаңадан қоныстанғандар 200 палаткада тұрды, әр палаткада 20 адамнан болды. Палата қалашығы көшелерге бөлінді, ол көшеде кім тұратынын атынан білуге болатын: Строитель, Пионер, Комсомольск, Украин, Киевская, бұл атаулар әлі күнге дейін сақталған.

Болашақ қала Алексеевка поселкесінен 3-4 километр қашықтықта салына бастады. Алғашқы бас жоспарда ССКБК поселкесінің құрылысы қарастырылды. Ол 1953 жылы әзірленді және 22 мың адамға есептелінді. Алайда 1953 жылдың өзінде бұл бас жоспар қайта қаралды, халық саны 30 мың адамға дейін өсті.

1957 жылы 30 тамызда кеншілер мен құрылысшылардың жұмысшы поселкесі облысқа бағынатын қала болып қайта өзгертілді. Қаланың Рудный деп аталуының өзіндік қызықты тарихы бар. «Соколоврудстрой» тресінің құрылысшылары поселкелерін осылай деп атайтын. Алғашқы кеншілер оны Рудногорск деп өздерінше атайтын және бұл атау мейлінше байсалды естіледі деп санайтын. Тресттің және комбинаттың басшылары әртүрлі органдарға хат дайындаған кезде кері мекенжайды жазғанда «бөтен» атауды сызып тастап, әрқайсысы өздері таңдаған атауды көрсететін. Бұл мылтықсыз майданға «Огонек» журналының 1955 жылғы он төртінші нөмірі нүкте қойды. Мәскеуден келген «Огонек» журналының арнайы тілшісі Владимир Пологинов поселкеде біраз мекендеп, кеншілер мен құрылысшыларды суретке түсірді, ал өзі жариялаған очеркте былай деп жазды: «Бұл қала карта бетінде жоқ, тіпті оның атауы да жоқ. Бірақ жаңа Магнитка пионерлері Рудный атауы оған ең лайықты атау деп санайды». Очерктің өзі «Рудный поселкесі» деп аталатын.

Журнал саны еліміздің түкпір-түкпіріне тарап кетті, енді бірдеңені өзгерту қиынға соғар еді. Өйткені Кеңес Одағының әр түкпірінен жаңа құрылысқа ниеттенген хаттар ағылып келіп жатты, мекенжайы Қостанай облысы, Рудный қаласы деп көрсетілетін. Осы кезде жұмысшы поселкесіне ресми мәртебе беру мәселесі көтерілді, оның атын белгілеу керек болатын. Халық Рудный деп атап кеткеннен кейін құжатты дайындаушылар бұл шешімді құптады. Дауды комбинат директоры Н.Ф.Сандригайло былай қорытындылады: «Осылай шешеміз! Облыстық және республикалық атқарушы комитетке осылай деп ұсынамыз».

1955 жылғы жазда ҚазКСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Жарлық шығарды, онда былай жазылды: «Қостанай облысы Қостанай ауданы ССКБК құрылысы жанындағы елді мекен жұмысшылар поселкелері санатына жатқызылсын, оған «Рудный жұмысшылар поселкесі» атауы берілсін». Осы Жарлықта жұмысшы поселкесінің шеңберіне Комсомольск елді мекені де енгізілген болатын.

Бір жыл өткен соң 1957 жылғы 30 тамызда Республика Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Рудный жұмысшылар поселкесін Рудный қаласы деп өзгертті. Сол уақыттан бері Рудный қаласы Қостанай облысындағы және республикамыздағы ірі өнеркәсіптік және мәдени орталық болып өсті
Топпен жұмыс: СӨЗЖҰМБАҚ ШЕШУ:

Оқушылар өздерінің қалалары туралы тақпақтарын айтады.

Астанам

Болашаққа бастаған,
Шарықтайды асқақ ән.
Ел ордасы Отанның,
Мақтанышым Астанам.

Қостанайым

Қостанайдай қалам бар,
Астық, бидай, далам бар.
Қасиетті мекенім,
Сүйіп сені өтемін.

Алматы

Алматыма қарашы,
Апорт алма сағасы.
Бас қаласы елімнің,
Ардақтысы жерімнің.

Рудный

Рудный –әсем, жас қала,
Жырлап айтам шаттана.
Кенге толы жеріне,
Көз тоймайды қараса.

Отан, туған жер туралы мақалдар айтылады.

- 1.Отан - оттан да ыстық
- 2.Отансыз адам - ормансыз бұлбұл
- 3.Туған жерге туың тік
- 4.Елі байдың жері бай

Қорытынды: Жетекші сұрақтар қойылып, мақтап-мадақталады, балалар бағаланады.

№14

Тақырыбы: «Рудный» атауының шығу тарихы

Мақсаты:

Балалардың өз тұрған қалалары туралы мәліметтерді білуін қамтамасыз ету. Туған жерге еген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Менің қалам – мен үшін дүние жүзіндегі ең қымбат, ең асыл мекенім. Әр бір адамның сүйікті қаласы бар. Көбіне адамдар сүйікті қалам деп өзі туылған, балалық шағын өткізген жерді айтады. Өйткені әр адам өзінің балалық шағынан естеліктерді, тұрған мекенін әр қашан жүрегінде сақтайды. Мен бұл қалада туылмасам да, оны шын көңіліммен жақсы көрем. Мен оған сіңісіп кеткенім соншалықты оның әсемдігін толықтыра түсетін табиғаты, жаңадан пайда болып келе жатқан зәулім болмаса да аяғына нық тұрған үйлері, саябақтары, әр бір үйшігі, тіпті Рудныйымның өзінде өскен бір тал гүлінің өзі менің өмірімде үлкен орын алады. Бұрынғыдан қалған ескерткіштері, көпірлері, үйлерді жанап өтетін көшелері мен үшін өте қымбат. Рудныйлықтар, сырттай қараған әр қайсысы әр түрлі болса да, оларды біріктіретін бір нәрсе бар, ол біздің даңқы асқақтаған Рудный қаласы. Рудныйымда менің достарым, туыс-туғандарым, ата-анам, барлық таныстарым тұрады. Солардың барлығы Рудныйды шын мәнінде жақсы көретіндігіне, қадірін түсінетіндігіне мен сенемін. Негізінен қаланы жақсы көру үшін оның атағы жайылған зәулім қала, немесе миллионер қала болуы шарт емес. Рудный тыныш, әлсін-әлсін дамып келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда оны құрметтемеуге, жақсы көрмеуге еш себеп жоқ. Себебі бұл қала әр бір рудныйлықтардың жүрегiнен орын ала білген. Кейде қаламның көшелерінде келе жатып тұнық ойға берілемін. Кей кезде қаламыз шулы, тынышсыз болса да мен оған қуанамын. Неге деген сұрақ туындар мүмкін. Себебін мен өзім де білмеймін. Мүмкін осы қалада тұрып жатқаным, шашымды сыйпай өтетін көктемгі желге, төбемізде жарқырап тұрған күнге, қазақ еліндей тәуелсіз мемлекетіміздің ішінде тұрып, бой көтере бастаған қаламыздың өркендеуіне куә болғаным болар.

Қаранғы айлы түндерде көшелеріңді кезіп, сенің күн өткен сайын көркейгеніңді көрудің өзі бақыт. Менің қалам талай үміттерді ақтап, көзінде оты бар, жанары сәнбеген жастардың және оған сенген тұрғындардың көңілінен шыға білген. Бұл қалада тұратыныма мен шексіз бақыттымын.

Қаламның биігінде желбіреп тұрған көк байрағымның ғұмыры мәңгі болсын. Сол байрақтың желбірегеніне де талай жылдың жүзі болып қалыпты. Жуырда менің қаламда мереке. Яғни менде де мереке. Күн шуағындай жарқын бейнесі бар, осындағы әр бір адамның басына бақ болып қонған мекеніме 55 жыл толайын деп отыр. Көрер күні алда болса да талай қиындықпен сынақты басынан кешірген менің кішкене еліме 55 жыл. Қатігез, сұрапыл жылдары аяқтан шалынбай, сүрінсе де орнынан қайта тұрып, өз жолын жалғастырған қаламды мақтан тұта аламын. Басымды тік көтере отырып бұл менің қалам, бұл менің – **Рудный**ым деп мақтанышпен айта аламын. Саған қарап таң қаламын. Сен құдды бір батылдық пен батырлықтың, тапқырлық пен еңбексүйгіштіктің белгісі секілдісің. Тіпті 1949 жылы ұшқыш Сургутановтың өзі қаламыздың үстінен бекер ұшпаған секілді. Сол кездегі Сарыбай шатқалының үстінен ұшуы, ірі кен орны бар екендігінің анықталғанының өзі алланың бізге тартқан сыйы болар мүмкін. Көп адамның қажырлы еңбегі мен маңдай терін төгіп тұрғызылған қаласың. Талай жастар, қарттар сенің көркеюіңе үлес қосты. Қала болмаған кезінде, халқың далаға палаткалар тігіп жатса да, болашағы жоқ деп безіп кеткен жоқ. Қайта сенің болашағың зор екеніне кәміл сеніп, сені барынша қолдап, саған бар күш жігерін сарп еткен болатын. Ол жылдары еліміз тәуелсіздік алмаса да, өміріңдегі ең алғаш қадамың жасалған болатын. Кенді қала атанып даңқың асты. Сонымен өмірге кеншілер қаласы келді. Саған үлес қосқан В.П.Новиков, Я.М.Гиммельмаш және В.Ш.Буреш секілді азаматтар саған бар үмітін артып, сені көркейтуге ат салысты. Сол арқылы дарынды жас мамандар қалаға қарай ағыла бастады. Еліміздегі ірі кен өндіретін комбинат – «ССКӨБ» құрылып, талай жанды жұмыспен қамтамасыз етіп, тыныштықта тұрған қаланы бірте-бірте тірілте бастады. Сенің атыңмен талай адамның тағдыры ұштасқан. Мысалы: 2-ші дүние жүзілік соғыстың батыры Прошкин Пётр, совет үкіметінің батыры М. П. Галин, сапёр Н. И. Киселёв (өмірінің соңына дейін басты маркшейдер болып Соколов кен орнында адал да әділетті қызмет еткен), «ССКӨБ»-тің 1-ші директоры Николай Фадеевич Сандригайлолар сияқты еңбегі сіңген адамдардың талайының аттары аталмай да кетіп жатыр.

Елу жылда ел жаңа демеуші ма еді халқым. Қазіргі таңда **Рудный** Қостанай облысының бетке ұстар мақтаныштарының бірі. Қаламызды көптеп мектептер мен денсаулықты сақтайтын орталықтар, бала-бақшалар мен мәдениет сарайлары ашылып жатыр. Мәдениеті мен өндірісі дамыған, салт-дәстүрлерімен ерекшеленге қаламыз. Қаламыздан көптеген спортшылар, саясаткерлер мен ақын, жазушылар шығып қаламыздың атын жердің түкпір-түкпіріне естіртіп жатыр. Осының барлығы біздің мерейіміздің үстемдігі. Оған қоса қаламызда жас кеншілер көп. Олар да назардан тыс қалып жатқан жоқ, барлығының басында баспана, қолдарында жұмыс бар. Қаламыздың атын бүкіл қазақ еліне паш еткен тағы бір нысан бар. Ол **Рудный** индустриалдық институты. Бұл оқу орны мемлекеттік деңгейдегі жоғарғы оқу орны болып табылады. Тіпті бізге жас мамандар көршілес елдерден жұмыс істеуге, оқуға келуде. Оларға біздің есігіміз әр қашан да айқары ашық. Бұл оқу орнының құрылуы тікелей рудный қаласымен байланысты болып келеді. **Рудный** қаласы құрылғанының алғашқы жылдарында жас жұмыскерлер мен талапкерлер көптеп келгені бәрімізге мәлім. Көбіне жастар жағы жұмыстарын құлшыныспен істеп, өз білімін жетілдіргісі келгендіктен осы оқу орны үлкен қауымның сұранысы бойынша ашылды. Бұл іске ат салысқан жас жұмысшылар мен ССКӨБ – тің бұрынғы басшысы Николай Фадеевич Сандригайло болатын. Көп адам жұмыс істегендіктен, кешкі бөлім өз жұмысын бастап кеткен болатын. 1959 жылы, яғни жоғарғы оқу орнының алғашқы жылдары 100 студент оқуға тіркелген еді. Ал бірнеше жылдардан соң бұл көрсеткіш 5 есеге ұлғайған еді. Бірте-бірте күндізгі бөлім де ашылып, шәкірттер тау болып үйіле бастады. Әрине бұл қаламыз үшін және сол кездегі қаламыздың болашағы жастар үшін қайталанбас бақыт болғаны анық. Сөтіп қаламыз өркендеп, кен орындарымыз жылдам дами бастады. Көптеген мамандықтарға сұраныс туындады. Сол кезден бастап оқу орнының жұмысы мен жауапкершілігі арта берді. Сол жердегі сабақ берген ұстаздардың да еңбегі ерең. Олар шәкірт үйрете жүріп өздері де үлкен сынықтан өткен секілді. Үйрете жүріп үйренгендері, шаршамай, асқан шыдамдылықпен, қазіргі таңдағы рудныйды көтерген, өркендеткен жастарды тәрбиелеп, жетілдіргендері үшін мың алғыс. Кеншілердің

қолдауымен **Рудный** индустриалдық институтының оқу орны мен жатағы да жаңартылып, басқа орындарға көшірілді. Қазіргі таңда институтымызда 5 факультет, 21 кафедра жақсы жұмыс жасап тұр. Оқитын студенттер саны 4250 болып табылады. Бұл көңіл қуантарлық жағдай. Тіпті бқл оқу орын қайырымдылық, интеллектуалдық ойындар секілді істермен айналысып, барынша көмек көрсетуде. Оған қосымша спорттық және мәдениет жағынан да қалыс емес. **Рудный** индустриалдық институтынан шыққан атақты да сыйлы адамдардың саны аз емес. Бқл оқу орны қаламыздың өмірінде, тарихында үлкен орын алып, мәңгі өмір сүреді. Мемлекеттік істерден де қаламыз еш тысқары қалып жатқан жоқ. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстан республикасында алғашқылардың бірі болып **Рудный** есірткіге тоқтау салып, «ССКӨБ»-тің пешінде 235кг есірткі өртелді. Жастар жағын да ойлап, қаламызда «Горняк» мәдениет сарайы, оқушылар мен жастар сарайы өз жұмысын тыңғылықты атқарып отыр. Ендігісі біздің қолымызда.

Біз жастар қаламызды одан әрі өркендетіп, өсіріп, **Рудныйдың** дәрежесін әлемдік деңгейге шығаруымыз керек. Біздің ата-бабаларымыз біздің өмірімізді барынша жайлы етіп, қазіргі күнге жеткізді. Ал енді біз аталарымызға кәрілік шағында тыныш өмір қамтамасыз етіп, келер ұрпаққа жарқын болашақ сыйлауымыз керек.

Рудныйым сен ешқашан өлмейсің,өшпейсің. Сенің атың тарихта сақталады,. Сен жастарымның жарқын болашағысың. Өзіңді көрген адам сені ешқашан ұмытпайды. Бізді шабыттандыруды, өсіп өркендеуіңді жалғастырғайсың. Әр дайым тек алда болып, әр қашан еңбегің жеміске толы, табысты болсын. Ел есінде сен кең даламызда орналасқан, кең көңілді, дархан жүзді, кенді қала болып мәңгі есте қаласың. Мерей тойыңмен менің кенді қалам – **Рудный!**

№15

Тақырыбы: Өлкеміздің тарихи тұлғалары (батырлар, қоғам қайраткерлері)

мақсаты:

1. Балаларды қазақ батырларымен таныстыра отырып, түсінік беру.

Мақал-мәтелдер, өлең арқылы балаларды қазақ батырларына деген

сүйіспеншіліктерін дамыту.

Балалардың бойын Отан сүйгіштік сезімге баулып, ел, ұлт намысын қорғаған батырларды сыйлап, құрметтеуге үйрету.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелесу, сыни тұрғыдан ойлау, интерактивті тақта.

көрнекілігі: Батырлар суреттері: Қабанбай, Бөгенбай, Алпамыс, Қарасай, Ағынтай, Бауыржан Момышұлы, Әлия, Мәншүк; саймандар.

Ұйымдастыру. Балалар келген қонақтармен амандасу.

Батырлар жырынан үзінді оқимын.

Бауыржан, Мәлік, Талғаттар,

Сүйікті болып қалды аттар.

Олар аттас қаншама

Аттары әнге ұласқан,

Нұркен боп ашық тұр аспан.

Табылар Мәншүк, Әлия,

Қарасаң әрбір сыныптан.

Атының сай боп мәніне,

Өсуді ойлар бәрі де.

Батыр аттас балалар

Туыла берер әлі де.

Балалар, бұл өлең кімдер туралы айтылып жатыр?

Сендер батыр деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Ия, балалар, қазақ батырлардың мақсат-мұраты – халқын, Отанын басқыншы жаудан қорғау.

Батырлар елін, жерін, халқын сүйген, халыққа қамқоршы болған. Балалар, сендер қандай батырларды білесіңдер?

Ия, балалар, сонымен қатар халықтың тәуелсіздігі үшін, ата-ананың амандығы үшін күрескен бірнеше мың батырлар бар. Балалар мен сендерге атап кеткім келеді. Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова бейне таспадан көрсету.

Балалар әрбір мекемені тани білулері керек. Балаларға сұрақ қою.

Бұл ескерткіш кімдердің ескерткіштері? Бұл қай көшеде орналасқан? (Балалардың жауабы).

Балалар, осы батырлар туралы білгілерің келе ме?

Қарасай батыр (1598-1671) Алатаубөктерінде туып-өскен. Жетісуда Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғыста қол бастаған батыр, руы Шапырашты. Ағынтай батыр (1599-1672) Сарыарқа өңірінде дүниеге келіп, өмір сүрген. Ағынтай мен Қарасай Жетісу өңірінде танысып, сол азаттық соғыста бірге шайқасқан. Қасиетті бабаларымыз қазақ даласын бағынғысы келген жауға қарсы ұрыста біріне-бірі арқаларын түйістіріп қойып шайқасады екен. Егер де арқаларын сүйеп түйістірілмесе шайқаса алмайды екен. Арқа иықтарын сүйеп түйістірсе бір-біріне қорған, пана бола білген. Сол бабалар қанды ұрыстардан аман шығып отырды, қасиетті туған жерімізге де жау аяғын тигізбеді.

Қарасай батыр бабамыз ел шетінен жау арылып, тыныштық орнаған бір сәтте, досы Ағынтайды сағынып, өз көшімен досының еліне көшіп келеді. Мауқын басқан соң 1671 жылы 73 жасында дүниеден өткен. Ағынтай батыр 1672 жылы дүниеден өткен.

Олардың бейіті Көкшетау жеріндегі Айыртау өңіріндегі Құлшынбай төбесінің биігінде жатыр. Қасиетті бабалар қалдырған достық пен бірлікті ерлік пен елдікті енді біздер қастерлей білейік!

Мынау ескерткіш осы ата-бабаларымыздың рухына қойылған.

Балалар, осы батырлар қазақтың жерін жаулардан қорғаған. Басқа елдің адамдары тартып алмақ болғанда, осы бәріміз тұрып жатқан жерлерді қорғап қалған (Қазақстан жерін картадан көрсету). Ол кезде мылтық болған жоқ. Олар шоқпар сойылмен, найзамен, садақпен соғысқан (саймандарды көрсету). Ол батырлар соғыс майданында сауыт киген (көрсету).

Өжет адам өлімді женеді.

Батыр туса – ел ырысы,

Жаңбыр жауса – жер ырысы.

Батыр бір рет өледі,

Қорқақ мың рет өледі.

Батыр болсаң, жауың кетті,

Шешең болсаң, дауың кетті.

Шаруа болсаң, қойың кетті.

Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Кімге не ұнады?

Сендер батыр болу үшін көп оқуларың керек, білімді, еңбекшіл, көпшіл болуларың керек, естеріңе сақтаңдар: 7 мамыр күні «Отан қорғаушылар күні» деп аталады.

№16

Тақырыбы: Өлкеміздің ақын-жазушы, әнші-сазгерлердің еңбектері

Мақсаты: Өткен модуль бойынша алған білімдерін жинақтап, пысықтай отырып, қорытындылау.

Міндеттері: Балалардың ойлау әрекетінің әр түрлі біліктілігін дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту, ауызекі сөйлеуге, ауызша да, жазбаша да тіл мәдениеттерін дамыту.

Балалардың тілін дамыту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылыққа жетелеу;

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

Сұрақ-жауап, әңгімелеу, қайталау, талдау

Сабақтың көрнекілігі:

Интерактивті тақта, кластерлер, семантикалық карталар, кеспе қағаздар,

Мұқағали Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» әні жазылған диск

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1) Балалармен сәлемдесу;

2) Балаларды түгендеу;

3) Балалардың назарын сабаққа аудару.

II. Тіл дамыту кезеңі.

III. Үй тапсырмасын қайталау.

Мұғалімнің сөзі: Балалар, біз «Қазақ балалар әдебиетінің жазушылары» модулін аяқтағалы отырмыз. Ертең осы модульдегі соңғы сабақ «Тест. Ақын-жазушылар». Содан соң жаңа модульге көшеміз. Бүгін сабақта біз өткен қазақ балалар әдебиетінің жазушыларын еске түсіріп, тақтадағы кластерлерге сүйене отырып, қысқаша өмірбаяндарына тоқталамыз.

Қане, қандай қазақ балалар әдебиетінің жазушыларын білесіңдер?
Кластерлермен жұмыс. Өр өткен жазушыға кластер жасап, соған балалар сүйене отырып, өмірбаяндарын айтып береді.

Осы ақын-жазушыларға байланысты мынадай тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма: Сол жақтағы жазушылардың аты-жөніне оң жақтағы шығармалардың қайсысы жататынын стрелкамен көрсетіп, белгілеу.

Жазушылардың аты-жөні Шығармалары

Мұқағали Мақатаев “Менің құрдастарым”, “Бақыт”

Сапарғали Бегалин “Таза бұлақ”, “Кел, балалар, оқылық!”

Бердібек Соқпақбаев “Бала Шоқан”, “Жас бұтақ”, “Хат”

Мұзафар Әлімбаев “Сыйлық”, “Қызғалдақ”, “Парадта”

Саттар Ерубаев “Менің атым-Қожа”, “Бақыт жолы”

Ыбырай Алтынсарин “Отпен ойнама”, “Менің ойыншығым”

Әбіш Кекілбаев “Аққулар ұйықтағанда”, “Өмір – өзен

Өтебай Тұрманжанов “Тасбақаның шөбі”, “Үркер”

Қадір Мырза Әли “Кішкене Қожанасырлар”, “Сабақ ”

2-тапсырма: Сөйлемдегі етістіктің орнын толықтыру. 1. Ол К. Чуковскийдің, Ю. Березиннің, А. Суриковтың, кейбір шығармаларын қазақ тіліне 2. Ол қазақ балалары оқитын мектептер ашуды....

3. Ташкентте балалар үйінде....

4. Жазушының сценарийі бойынша «Менің атым-Қожа» фильмі....

5. Ұлы Отан соғысына.... Керекті сөздер: түсірілген, тәрбиеленді, қатысқан, аударған, армандайды.

3-тапсырма: Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын ажырату.

Сөйлемдер Дұрыс Бұрыс

Бердібек Соқпақбаев сценарийі бойынша “Менің атым – Қожа ” фильмі түсірілген.

Ыбырай Алтынсарин 1924 жылы Алматы облысында туған.

Мұзафар Әлімбаевтың батырлығы А. Бектің “Волоколамск тасжолы” атты кітабында жазылған

Сапарғали Бегалин 25 жыл “Балдырған” журналын басқарды.

Әбіш Кекілбаев алғашқы Мемлекеттік хатшысы, Парламент Сенатының депутаты болған.

Өтебай Тұрманжанов Ташкентте балалар үйінде тәрбиеленді.

Саттар Ерубаев 1841 жылы Қостанай облысында туған.

Енді біз осы модульде өткен грамматикалық тақырыптарды қайталаймыз. Біз 9

сөз табының ішіндегі жетеуін өткенбіз. Сол 7 сөз табына мен әрбіреуіне семантикалық карталар дайындап әкелдім. Қазір сол семантикалық картада берілген 2-3 сөзді ғана талдап, белгілейміз. Әр картаға мен қай сөз табы екенін жазған жоқпын. Сендер түрлеріне қарап, қай сөз табы екенін табу керексіңдер. Оқушылар тақтаға шығып, интерактивті тақтадағы семантикалық карталармен жұмыс істейді.

Кеспе қағаздармен жұмыс.

5 балаға кеспе қағаздар таратамын.

№ 1

Септе: ақын

№ 2

Қалау райда тәуелде: аудар

№3

Көптік жалғауларын жалға:

Ақын, жазушы, депутат, аудармашы, қолбасшы, жауынгер, өлең, шығарма, аудан, университет, есім, зерттеуші

№ 4

Өткен шақта жікте: Түсін

№ 5

Фонетикалық талдау жаса:

Жазушы

Қазір, балалар, кеспе қағаздармен жұмыс жасағанша, басқаларымыз өткен ақын-жазушыларымыздың ішіндегі Мұқағали Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» әнін тыңдаймыз.

Ал, енді уақыт аяқталды әрбір оқушы өздеріне келген кеспе қағаздардағы тапсырмаларды оқып беріңдер, басқаларымыз тексеріп отырамыз. Қателерін табамыз.

Бүгін біз сөз таптарын қайталадық, соған байланысты сөзжұмбақты шешеміз, шешкенде ортасында біз өткен бір сөз табы шығу керек.

Класстың қазақшасы.

Күзден кейін қандай мезгіл келеді?

Қыста қатты жел соғып, күн суытып не болады?

Қыс мезгілінің алғашқы айы?

ҚР астанасы қай қала?

ҚР қандай мемлекет?

Орта білім алатын жер?

Қорытындылау:

1. Қазақ балалар әдебиетінің қандай жазушыларың білесіңдер?

2. Ыбырай Алтынсарин қашан, қайда туған?

3. Бауыржан Момышұлы кім?

4. Қай жазушы Парламент Сенатының депутаты?

5. Кімнің өлеңдеріне Н. Тілендиев, Ш. Қалдаяқов,

А. Қоразбаев т. б. сазгерлер ән жазды?

6. Қай жазушының сценарийі бойынша “Менің атым – Қожа” фильмі түсірілген?

7. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? Олар қандай?

Үйге тапсырма:

Сөз таптарын қайталап, “Ақын-жазушылар” тестіне дайындалып келу

Оқушылардың білімін бағалау.

№17

Тақырыбы: «Шежірелер сыр шерткенде»

Мақсаты: Балалардың бойына халқымыздың асыл қадір-қасиеттерін сіңіру; үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай еске сақтауға және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, мейірімділікке, жаман мен жақсыны ажырата білуге, ата сөзден

ғибрат алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, нақыл сөздер, киіз үй, сандық, асықтар.

Барысы:

I. Кіріспе бөлім

*Көңіл-күйлерін жақсарту.

*Қонақтармен амандасу

-Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық ,достарым

Келді қонақ бізге.

-Құрметті ұстаздар, оқушылар бүгінгі « Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Балалар, біз егеменді еліміздің болашағын қалыптастыру үшін халқымыздың тарихын, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мұрасын, мәдениетін, әдет-ғұрпын білуіміз керек.

*Ой қозғау Тақырыпты ашу.

-Ұлттық тәрбие дегеніміз не?

-Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келуі.

-Ұлттық тәрбиеге нелер жатады?

-Туыстық қарым-қатынас, жеті атаны білу, ұлттық намыс, парыз бен қарыз, Отансүйгіштік, салт-дәстүрлер т.б.

-Туған соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады надан деп.

-Ата-бабаң ардақты,

Жамандыққа бармапты.

Ардай тұтып үлкенді,
Ата жолын жалғапты.
-Бауырласқан тәніміз,
Бұзылмаған антымыз.
Кең даланың ежелгі,
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз.

II. Негізгі бөлім

*Бейнебаян: Қазақтың салт-дәстүрлері

-Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет –адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті әр халық салт-дәстүріне орай іске асырады. Яғни әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген.

Бала тәрбиесі тек мектеп қабырғасында ғана берілмейтіні анық. Ананың бесік жырынан бастап, адамның бүкіл өмірінде салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар барлығы да адамның дүниетанымын қалыптастыратыны өмір сабақтары.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні ерекше.

* Оқушыларды топқа бөлу.

1-топ. «Тұмар»

2-топ. « Шашбау»

3-топ. «Тұлым »

Топ басшысы топтың атын таныстырады.

1-топ. Тұмар тобы Молдаларға оқытып, үшбұрыштап матаға немесе теріге тігіп кішкентай баланың мойнына тағып қоятын нәрсе. Бұл пәле-жаладын сақтайды деген ұғым.

2-топ. Шашбау тобы Қыз балалардың шашына тағатын әшекей бұйымы

3-топ. Тұлым тобы -баланың кішкентай кезінде шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны тұлым дейді. Тұлым қыз балаға қойылады.

I. « Сан сұрақтар сыры » Әр топқа 2 сұрақтан қою.

1. Тымаққа салу дегеніміз не? (Салт. Ел арасында «шала туып тымаққа салып өсірген екен» деген сөздер жиі кездеседі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы болады.)

2. Жеті атаны ата. 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата)

3. Айтыстың қандай түрлерін білесіңдер. (бәдік айтыс, қайым айтыс, жұмбақ айтысы, жігіт пен қыз айтыс, жар-жар)

4. Бес намаз

1. Таң намазы 2. Бесін намазы 3. Екінді намаз 4. Ақшам намазы 5.Жашиық намазы

5.Бата беру. /бата беру әдет-ғұрпы кеңінен етек алды. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналатын. Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. /

6. Құлақ тесу /Қазақта қыз баланың өміріндегі айтулы күн - құлағын тесу. Қыздың құлағын көп жағдайда тек жеті жасынан бастап тескен. Қыздың құлағы тесілгеннен кейін оның мінез-құлқы бірден өзгереді. Ол қолына кесте алады. Ою оюды үйренеді. Қыз баланың құлағын тек сәндік үшін, әдемілікке бола теспейді. Бұл да - тәрбиенің бір түрі. Бұл - қыз баланы ісмерлікке, шеберлікке үйретудің басы. /

II. «Қазақы тыйымдар мен ырымдар» кезеңі

-«Ұрпақ үшін тыйым сөздердің пайдасы бар ма?»

Ал балалар қандай тыйым сөздер мен ырымдар білесіңдер?

1-топ.

-Жуған қолды сілкісе ырыс-несібе кетеді.

-Адамға қол шошайту әдепсіздік болып саналады.

-Саусақты,қолды орынсыз ауызға салуға болмайды, бұл да әдепсіздік белгісі.

-Басты шайқауға, тісті қайрауға болмайды, жүйке ауруына шалдыққан адам ғана осылай жасайды.

2-топ.

- Таңдай қағуға болмайды, үй ішінде таңдай қаға беру –жаманшылық шақыру белгісі.
- Ішекті тартуға болмайды. Тырнақты тістесе ырыс-несібе кетеді.
- Тырнақ пен бастың шашын бейсенбі мен жұмадан басқа күндері алады.
- Итті, мысықты, малды тебуге болмайды, өйткені әрбір жануардың киесі болады.

3-топ.

- Күн батар алдында ұйықтауға болмайды, батар күнмен жарысып ұйықтаған жаман ырымға саналады.
- Өтірік жылауға болмайды, бұл-қайғы-қасірет шақыратын жаман ырым.
- Адамның оң көзі тартса қуанады, сол көзі тартса ренжиді.
- Адамның алақаны қышыса ақша ұстайды, табаны қышыса жол жүреді.

III. «Бірлік бар жерде тірлік бар » топтық жұмыс

1-топ Әдептілік әліппесін құру

2-топ Ұлттық ойындар

3-топ Салт-дәстүрлер

IV. «Мақал-сөздің мәйегі» Қималардан мақал құрастыру, мағынасын түсіндіру.

1-топ

*Ауру қалса да әдет қалмайды.

*Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа.

2-топ

*Жеті атасын білмеген-жетімдіктің белгісі

*Қолыңмен істегенді,

Мойныңмен көтер.

№18

Тақырып: Жергілікті жердің салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары

Мақсаттары:

Тәрбиелік: Адамгершілікке, тазалыққа, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын дұрыс атай білуге үйрету.

Оқыту: Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру;

олар туылған және өмір сүретін жерлерге эмоционалды оң көзқарас қалыптастыру; балалардан қазақ халқының тарихы мен дәстүріне тұрақты қызығушылық таныту;

Педогогикалық технологиялар: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойындар, Салт-дәстүр слайд.

Ресурстармен қамтамасыз ету: киіз үй жабдықтары, тостаған, қоржын, торсық, домбыра, бесік, суреттер

Билингвалдық компонент: салт-дәстүр- традиции и обычай,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастырушылық кезеңі: Балалар шеңбер болып тұрады.

Армысың алтын күн

Армысың көк аспан,

Армысың жер Ана

Армысың достарым

-Балалар қараңдаршы, менің қолымда түрлі-түсті ленталар бар. Балалар бір-бірден лентаны қолдарына ұстап, жоғарыға көтеріміз.

-Түрлі-түсті ленталардан не құрастырылды?

- Біз шаңырақты қайдан кездестіреміз?

Шаңырақ –бейбітшілік, қорғаныс және бірліктің символы, жайлы үйдің символы. Балалар мен сіздерді киіз үйдің ішіне шақырамын, жайғасып отырыңдар.

Негізгі бөлім: -Бір тамаша әңгіме тыңдағыларың келеді ме?

Қуыршақ театры арқылы көрсету.

Бұрынғы өткен заманда бір жас жігіт өз бақытын табу үшін әлемді шарлап іздеуге шығады. Айлар, жылдар өз бақытын іздейді көптеген елдерді, қалалардан өтеді, өз бақытын еш жерден таба алмайды. Бір күндері еліне қайтпақшы болады, бірақ қайтып баратын жолды ұмытып қалады. Тастың үстіне отырып, басын төмен түсіріп жылап отырады. Бір сәтте жаңына бір қария кісі келеді.

-Неге жылап отырсың? Қайда тұрасың?

-Білмеймін өте алыста тұрамын.

-Елін қалай аталады?

-Білмеймін,

-Мен саған көмектесе аламын, егер сен өз елінің халық әнін, салт-дәстүрін айтып берсен?

-Жігіт абыржып қалады, өз елі туралы ештеңе есіне түсіре алмайды, ойланып атаға өз сөмкесін ұсынады.

-Міне қараңыз бұл заттарды мен өзімен үнемі жол бойы алып жүрдім.-Балалар қараңдаршы, әдемі қоржында қай елдің заттары бар екен.

Бұл не?

-Қоржың

-Қоржын өрнек

-Торсық
-Тостаған
-Қасық
- Кесе т.б

-Балалар қай елдің заттары екен? Біз барлығымыз жігітке Өз Отаның, салт-дәстүрін еске түсіруіне көмектесейік.

-Бұрын қазақтар көшпелі халықтар болған, бір жерден екінші жерге көшіп қонып жүрген. Баспасы-Киіз үй. Қазақтар өте қонақжайлы халық болған.

Дидактикалық ойын: «Заттарды дұрыс орналастыр»

Балалар екі топқа бөлінеді.

1-топ – «40 - шығару» салт - дәстүріне қажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды.

2- топ –«Тұсау кесу».

Тәрбиеші: - «Тұсау кесу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек?

Балалар: - қайшы, түсті жіптер

Тәрбиеші: - «40 - шығару»дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек?

Балалар: - леген, су, қайшы, қасық....

Тәрбиеші: - Топтастырып қойдық, бірақ бесік, май шам, пышақ, жастық, көрпе....қалып қойды. Неге?

Қажет емес пе? Бұл заттар қажет, бірақ басқа рәсімге. Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз.

Тосын сәт: Қонаққа әже келеді.

Әже: — Сәлеметсіңдер ме балақандарым.

Тәрбиеші: — Балаларым ,келіңдер мына бесіктің жанына отырыңдар. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге Асылжан бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін Әжеміз көрсетсін .Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып,өскенсіңдер.

Әже: Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды.

Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластаймын. (бесікті аластайды)

«Алас-алас,пәледен алас,

Иесі келеді,пәледен қаш!

Алас-алас,пәледен алас

Көзі жаманның көзінен алас

Тілі жаманның тілінен алас,

Отсыз омыртқасынан алас»

-Балалар ,қараңдаршы бесіктің де,төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады.

Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады.

Тәрбиеші: —Балалар,айтыңдаршы мынау қандай заттар?

— Мынау тарақ,айна.

—Иә,бұл айна мен тарақты кішкентай бойжеткен қызымыз «әдемі болсын» деп , ал мынау не?

— Иә,бұл пышақты бала шошымас үшін жастығының астына саламыз.

—Асылжанды әкел,бесігіне салайық (Бесікке салуды көрсетеді)

— Бөпеміздің ұйқысы тәтті болсын деп « Бесік жырын» айтайық:

Әлди,әлди , ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін
Әлди,әлди бөпешім,
Қозы жүні көкешім
Жұрт сүймесе ,сүймесін
Өзім сүйген бөпешім.

— Бөпеміз ұйықтасын, бесікті тербетейін,ал сендер Асылжанға арнап тілектеріңді білдіріңдерші .Ол өскенде қандай болсын?(Балалар тілектерін білдіреді)

Қорытынды: Бүгін қандай салт-дәстүрмен таныс болдық?

— Бесіктің қандай жабдықтарын білесіңдер?

Әжеден бата сұрайық. Әже: « Ас бергенге бас берсін,

Өмірі ұзақ жас берсін

Кетпес дәулет

Кең пейіл берсін

Ата-анасына мейірімді болсын

Қатарының алды болсын

Ырысты ,нәсіпті болсын

Еліне елеулі,халқына қалаулы болсын Әумин!»

Тәрбиеші: — Әже батаңыз қабыл болсын! Ауырмай аман-есен жүре беріңіз.

ойын « Хан талапай» деп аталады. Ойынның шарты мынандай мына әдемі сандыққа әр түсті 5 асық саламын, бір бала шығып көзін жұмып сандықтан бір асық алады да, қандай түсті асық екенін айтады және сол түсті жерде жатқан конвертті тауып ішінен заттың суретін алып, атауын айтасыңдар.

№19

Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.

Қажетті құрал-жабдықтар: Суреттер, салт-дәстүрлерінен көрініс, ат үлгісі, керуен үлгісі, дорба, қамшы, ұлттық бұйымдар, керуен.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрсету, ойын.

Күй ойналады.

Балалар залға кіреді.

Амандасу.

Балалар, біз бүгінгі іс-әрекетімізде «Ата мұраң – асыл қазынаң» демекші, нәресте дүниеге келгеннен жеті жасқа дейінгі аралықтағы салт-дәстүрімізді есімізге түсірейік. Қазіргі заманда ол рәсім бар ма, орындалып жүр ме?..

Білгенімізді айтайық, білмегенімізді үйренейік.

Осы кезде екі бала:

Бала: Туғаннан соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады: «надан» деп.

Бала: Кең даланың ежелгі
Қазақ дейтін халқымыз.

Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз.

Дәл осы кезде күй ойналып, Тазша бала кіріп келеді.

Тазша: - Ассалаумағалейкум!

Балалар: - Уағалейкумассалам!

Жүргізуші: - Жол болсын, Тазша бала! Алқынып келдің ғой, жайшылық па?

Тазша: Ауылдың шетінде балалармен «қанталапай» ойынын ойнап, шаң қаптырып, жеңіп кеттім ғой. Соған мәз боп, көңілім масайрап келеді.

Жүргізуші: Жол болсын! Ендеше, қайда жол тарттың?

Тазша: «Дәстүр» ауылына барамын. Сол ауылда дүниеге нәресте келіп, үлкен той болып жатыр. Сол тойға бара жатқанмын.

Жүргізуші: Бізде сенімен бірге барайық. Балалармен сол дәстүр жайында әңгімелеспекші едік. Олар да білгендерін айтсын, білмегендерін үйренсін. Қалай қарайсың?

Тазша: Жоқ. Алдымен олар менімен «қанталапай» ойынын ойнасын. Егер де мені жеңсе, әрине жол бастап, «Дәстүр» ауылына қонаққа апарамын.

Ойын: «Қанталапай». Ойында балалар жеңіске жетеді.

Тазша: Ендеше, соңымнан еріңдер!

Жүргізуші: Балалар, ертеде ата-бабаларымыз алыс жолдарға немен барған?

Балалар: Жаяу, атпен, түйемен, керуенмен.

Жүргізуші: Біздің ата-бабамыз бұрын түйені көлік ретінде қолданған. Ендеше ол ауылға жету үшін керуенмен жолға шығамыз.

Біздер бұрын көрмеген,

Салт-дәстүрім өшпеген.

Үйренеміз дәріптеп,

Заманында өрлеген, - дегендей, «Дәстүр» ауылына да келіп жеттік.

Балаларды ауылдың анасы қарсы алады:

- Амансыңдар ма, балаларым? Мал жандарың, елдерің аман ба? Балалар, бұл ауылдан халқымыздың әдеп-ғұрпынан, салт-саналарынан, ұлттық салт-дәстүрлерінен түсінік аласыздар. Дүние жүзіндегі әр елдің өзіне тән салт-дәстүрлері бар. Онсыз халық болмайды, балаларым!

Жүргізуші: Ендеше, балалар, дүниеге келгеннен жеті жасқа дейінгі аралықтағы салт-дәстүрімізді еске түсірейік.

Отбасында нәресте дүниеге келді. Ең алдымен нәрестеге не қойылады?

Бала: Балаға азан шақырып ат қояды. Ат қоюға қазақ халқы ерекше көңіл бөлген. Бала есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып, батасын алған.

Ата: Иә, балаларым, мына шақалаққа ат қою рәсімін маған жүктеген болатын. Енді осы нәрестеге ат қояйын.

«Ат қою» рәсімі жүргізіледі.

Жүргізуші: Балалар, кішкентай балаға атты жайдан-жай қоймаған. Әр есімнің өзіне лайықты мағынасы бар. Мысалы: баланың дені сау, жаны берік болуы үшін Тасболат, Тастемір, Шымырбай деп қойған.

Бала: Балаға тіл-көз тимейді деген ниетпен ат қойылған. Мысалы: Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, Тезекбай.

Бала: Мұрат-мақсатыма жеттім-ау деген ниетпен: Арман, Бақыт, Мақсат, Мұрат деп қойған.

Бала: Қыз аттарына аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат металдың, нәзік өсімдіктердің, яғни: Алтын, Еңлік, Жібек, Құндыз, Мақпал, Құралай, Раушан, Шолпан, Шынар деп қойған екен.

Жүргізуші: Ат қою рәсімінен кейін қандай салт-дәстүр жүргізіледі?

Балалар: Шілдехана тойы.

Жүргізуші: Шілдехана тойы не үшін жасалады?

Бала: Шілдехана салты - жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той.

Тазша: Балалар, көрші үйден көңілді дауыстар естіліп жатыр. Қане, бәріміз бірге барайық.

Жол үстіндегі оқиға.

Тазша: Қанша ыссы болса да,
Коньки тептім моншада

Айтақтап кәрі шымшықты

Шошыттым мүйіztүмсықты.

Жүргізуші: Тазша бала, сенің қырық өтірік өлеңдеріңді біздің балалар да біледі.

Бала: 1. Күріш ектім үйімнің шатырына,
Көршілерді палауға шақыруға.

Бала: 2. Сұр тышқан жетті ұрланып,
Жеп қойды пілдің құлағын.

Шұнақтығына мұнданып,
Солқылдап дәу піл жылады.

Бала: 3. Тап бергенде ит төніп,
Тұра қашты кит көріп.
Маймылға үйреттім домбыра,
Күй шалды, тиегін жонды да.

Тазша: Ой, бәрекелді!
Балалар «бесік тойын» тойлап жатқан үйге келеді. Әже қарсы алады.

Әже: Қош келдіңдер, балаларым! Мен немеремді бесікке салғалы жатыр едім. Бірге тойлайық. Төрлетіңдер!

Жүргізуші: Амансыз ба, әже? Біздің балаларымыз бесік тойы туралы естіп жүрген болатын. Енді жақсы болды ғой, көзімізбен көріп, бірге тойлайтын болдық.

- Балалар, бесікке салу үшін қандай құрал-жабдықтар керек?

Бала: Бесік, қолбау, аяқбау, шүмек, көрпе, көпшік.

Жүргізуші: Бесікке баланы жатқызбас бұрын қандай ырым жасалады?

Бала: Бесік - қасиетті мүлік. Бесікті аластап, тыштырма жасап, баланы бесікке бөлейді. Бәле-жаладан сақтасын деп, ырымдап, оған тұмар тағып қояды.

Әже: Бәрекелді, балаларым! Ал, енді баламызды бесікке бөлейік. «Бесікке салу» рәсімінен көрініс. Тыштырмадан шашу шашады.

Жүргізуші: Балалар, бесік тойынан кейін қандай рәсім жасалады?

Балалар: Баланы қырқынан шығарады.

Жүргізуші: Баланы қырқынан қай кезде шығарады?

Бала: Туылғанына қырық күн толғанда қырқынан шығарады. Қырық қасық суға түсіріп, ит көйлегіне тәттіні түйіп, оны иттің мойынына байлап жібереді. Балалар итті қуып жетіп, тәттіні бөліп жейді. Ит көйлек – нәрестенің алғашқы көйлегі. Осы кезде келіншек келіп қолқа салады:

- Әже, бүгін сәбиіміздің «тұсау кесу» тойын тойлаймыз.
Тұсауын сіз кессеңіз деп, қолқа сала келдім. Мен сіздерді осы тойға шақырамын.

Әже: Жарайды, барамыз.

Әже, Тазша бала, балалар көрші үйге жол тартады.

Жүргізуші: Тұсау кесу үшін қандай заттар дайындайды?

Бала: Ала жіп, қайшы.

Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деп, ала жіппен баланың аяғын тұсаулап, оны жылдам, сүрінбей жүретін адамға кестіреді.

Бала: Ала жіпті алайық
Әжемізге барайық.
Ер жетті деп айтайық
Шашуын жеп қайтайық.

Көрініс: «Тұсау кесу».
Әже: Күрмеуінді шешейін
Тұсауыңды кесейін
Қадамыңа қарайық
Басқаныңды санайық.

Балалар хормен: Тәй-тәй бас, балақан,
Адымдай ғой.
Бір, екі, үш,
Алға қарай жүре ғой.

Әже: Алға басқан қадамың
Құтты болсын қарағым!
Тәй-тәй балам, тәй балам,
Шақырып тұр айналаң.
Құлатпаймын мен сені
Құшағыңды жай балам!

Келіншек: Әже, орамал тон болмайды, жол болады. Сыйлығымды қабыл алыңыз!

Жүргізуші: «Тұсау кесу» рәсімінен кейін немен жалғасады?

Балалар: «Тілашар» тойы.

Бала: «Тілашар» тойы бүлдіршіннің жеке-жеке сөздерді айтуға тілі икемделе бастаған кезде өткізіледі.

Жүргізуші: Тілашардан кейін не жасалады?

Балалар: Ашамайға мінгізу салты.

Жүргізуші: Ашамайға баланы неше жасқа келгенде отырғызады?

Бала: Бала 6-7 жасқа келген соң, оған тай атап, қамшы өріп, әсем ашамай жасап, тайға мінгізіп жүргізеді. Ашамайдан соң, «тоқым қағу» тойымен жалғасады.

Жүргізуші: Мәнге толы қазағымның ғұмыры
Сан асылдың ашылып тұр тұғыры.

Кеше ғана керексіз ғып тастаған

Ғажап екен әдебі мен ғұрыбы.

Осы кезде кішкентай бала жүгіріп келеді:

- Оу, халайық, қызықты тойды көруге жиналыңдар! Кенжебек ата немересі Рысбекті «күлкен жігіт болды, ат жалын тартып мінетін азамат болды» деп, ашамайға отырғызғалы жатыр. Жүріңдер, тойды қызықтайық!
«Ашамайға мінгізу» салтынан көрініс.

Ата: Уа, халайық, тойға жиналған балалар, міне, бүгін менің Рысбек немерем ат жалын тартып мінетін жасқа жетті. Оған өзім арнайы қамшы өріп, ашамай істеп, тай

атап, «сен азамат болдың» деп, тайға отырғызғалы жатырмын. Ел-жұртты жинап, той жасап жатырмын. Қане, қызықтан қалмаңдар!

Ата баланы тайға отырғызады. Бата беріледі.

Жүргізуші: Тойда бос отырмайық, біздің балаларымыз шетінен өнерлі. Ән айтайық, би билейік, ойын ойнайық.

Ойын: «Теңге алу».

Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөліп, жарыстыру.

1. Сұңқар.

2. Тұлпар.

Әр топтың алдында 20-25см жерде ойыншылар саны қанша болса, сонша теңгелер жатады. «Бастандар» деген белгі бойынша әр топтың балалары жүгіре жөнеледі. Бір теңгені алып, айналып келіп, екінші баланың алақанын соғу арқылы кезегін береді де, өзі тізбектің соңына барып тұрады. Ойын осылай топтағы барлық балалар ойнап шыққанша жалғасады. Ойын шартын бұзбай ойнаған және ұйымшылдық пен шапшаңдық көрсеткен топ жеңген болып саналады.

Келіншек: Біздің Еркеқыз да шашбау тағатын жасқа жетті. Еркеқызымызға шашбау тағайын.

Би: «Шашбау биі».

Осы кезде Тазша бала қолын төбесіне қояды.

Тыйым сөздер.

Бала: «Қолыңды төбеңе қойма».

Ұялып қалған Тазша қолын бүйіріне таянады.

Бала: «Бүйіріңді таянуға болмайды».

Ата: Ал, халайық, бүгін менің немеремнің тойында бізге қонаққа келген балалардың ойынын да, биін де тамашаладық.

Әже: Өркендерің өссін, қарақтарым! Бүгінгі жұма күні арнайылап жеті шелпек пісіріп едім, ауыз тиіндер, балаларым!

Жүргізуші: Ата, әже, бүгін біздер сіздердің қаймағы бұзылмаған «Дәстүр» ауылынан көптеген салт-дәстүрді көріп, тамашалап, санамызға түйдік. Қонақ болып, дәм ауыз тидік. Ал, енді біз қайтайық!

Жолда:

Бала: Біздер бұрын көрмеген
Салт-дәстүрім өлмеген.

Үйренеміз дәріптеп

Заманымда өрлеген.

Жүргізуші: Ата-баба дәстүрлері жаңғырды
Өше жаздап, қайта маздап, жан кірді.

Салт-дәстүрлер қазынамыз таусылмас,

Бабалардан бізге қалған сан түрлі.

Ән: «Қазақтың дәстүрлері».

«Ерлікке тағзым ету – ұрпақ парызы»

Мақсаты: Балаларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа баулу, көркем шығармалар арқылы ой-өрістерін кеңейту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік мақсаты:

1. жастарымыз үшін мәңгілік патриоттық рухтың үлгі-өнегесі болып қала бермек.
2. Халқымыздың ұлы перизенті, ерлік ерен үлгісі болған Бауыржан Момышұлының өмірін үлгі тұту.
3. Тарихи тұлғаларды құрметтеуге шақыру. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер қатарына жан жақты жетілген жастарды тәрбиелеу.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ән ұраны орындалады.

1-жүргізуші:

Армысыздар құрметті ұстаздармен ата-аналар. 8 Г сыныбының «Ерлікке тағзым» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Әр азамат туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, алға қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімізбен қатар ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтауда тарихын үлгі етеді. Ендеше бүгінгі ерлікке тағзым ету – ұрпақтың парызы атты тәрбие сағатын ашық деп жариялаймыз!

1-жүргізуші:

-Армысыздар, ауғандық жауынгерлер
Жырым бар жараланған, жаныңды емдер.
Өлгендерді жәннәтта болсын жаны,
Тірілерің мың жаса, дәуірлендер!

2- жүргізуші:

Хор «Өз елім»

1-жүргізуші:

Ешкімде, еш нәрседе ұмытылмайды! (мәнерлеп оқу)

Майданға хат (үзінді)

Досан Әден, Юнус Бақдаулет, Жәдігер Бағлан, Ахун Азамат, Ахмет Айтқали, Жәңгір Әбілхайыр, Жайық Бекзат.

2-жүргізуші:

Қуанам адам болып туғаныма.
Ата-жолын дәстүрін қуғаныма,
Есімдері ескірмей жасай берер.
Ұрпақтары артында тұрағанында.

1-жүргізуші:

Өнер жолдап ауқыт тағы алыстап,
Тағдыр қалай тауқыметін табыстар.
Өздеріңді жырлап өтер ұрпағы
Ауғандағы азап шеккен арыстар.

2- жүргізуші:

Қыздар тобының орындауындығы «Қамажай» биі.

1-жүргізуші:

Отан оттанда ыстық азаматтық парыздың ішіндегі ең үлкені отан қорғау! Жауынгер жүгі қашанда салмақты. Солардың арқасында біз той тойлап ештеңе аландамай өмір сүріп жатырмыз.

2- жүргізуші:

Білеміз жас өседі туады ерлер
Қастерлеп әке жолын қуады ерлер,
Тумайды сіздерден соң тумасын–ақ
Соғыс деген сум тажалға куәгерелр.

Қарымсақ Ақүміттің орындауындағы «Қазағымсың» әні.

1-жүргізуші:

Ұрпақтан ұрпаққа жеткеізетін тарихи оқиғалардың басы ауқындысы ауған соғысы. «Ер елсіз болмайды» «Ел ерсіз болмайды деген» дана халқымыз.

Жәңгір Әбілхайырдың орындауындағы Қожа Ахмет Яссауидің хикметі

Әлібек Гауһардың орындауында мәнерлеп оқу «Отан»

2-жүргізуші:

Би «Катюша» орындайтын 8 Г сынып оқушылары.

1-жүргізуші:

Отан сенің атанаң,

Отан досың бауырың

Отан өлкең астанаң

Отан аудан ауылың

Отан тарих, отан тіл

Жасаған елің, өз халқың

Отан өлең отан жыр

Көтерген көкке ел даңқы

Отан осы достарым

Көңілге мұны түйе біл

Отан деп өсіп жан-жағың

Оны ардақтап сүйе біл.

Ән «Туған жер» орындайтын: Арын Ақжүніс ,Құдайберген Аяжан

2- жүргізуші: Қыздар тобының орындауында: «Қазақша би»

1-жүргізуші: Сұрақ-жауап 1.Ер елі үшін туады. (Мақалды жалғастыру)

1. Отан үшін отқа түс, (күймейсің)

2. Отан оттан да (ыстық)

3. Ит тойған жеріне (ер туған жеріне)

4. Еңбек ерлікке жеткізер (Ерлік елдікке жеткізер)

5. Ел үшін аянба-ерлігіңе сын, (жұрт үшін аянба –жігіттіңе сын)

6. Туған жердің күні де ыстық (түні де ыстық)

7. Туған елдей ел болмас(Туған жердей жер болмас)

8. Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін..... (Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін)

2-жүргізуші:

Қарымсақ Ақүміттің орындауындағы «Көкке өрле» әні

1-жүргізуші:

Қорытынды: Міне ата-бабаларымыздың арқасында бүгінгі күні өз тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып, әлемге танылып отырмыз. Өз әұранымыз. Өз елтаңбамыз, әрқашан биіктен көрінер туымыз бар. Бұл біз үшін үлкен қуаныш, үлкен бақыт, елімізде бейбітшілік болсын! Айбынды азаматтарымыз аман болсын! Қуанышымыз, жеңісіміз ұзағынан болсын деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Назарларыңызға рахмет!

№21

Тақырыбы : «Ер есімі –ел есінде».

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге ,оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып,өз елін, жерін қастерлейтін саналы да , парасатты, елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

көрнекілігі: Батырлардың суреттері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимн .

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Армысың алтын күн,

Армысың жер

ана

Армысың аспан

ата

Армысың балабақша.

Тәрбие сағатының барысы:

Тарих кеші үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болып тұрады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Жеңістің батырларының ерлігін ешкім де, ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген бұл оқиға 1941 жылы 22-маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қарумен тәнті, Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен, сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға батыр апаларымыз М.Мәметова мен Ә.Молдагулова сияқты батырларымыз ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Ұлы Отан соғысына қатысқан Б.Момышұлы, М.Мәметова, Ә.Молдагулова, Р.Қошқарбаев т.б. батырларымызға құрметпен бас иеміз. Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945жылы 9-мамырда бұға Ұлы Жеңіспен аяқталды. Содан бері жыл сайын 9- мамыр Жеңіс күні деп тойлануда.

Балалардың мерекеге арналған өлең-тақпақтарын тамашалаңыздар.

2 қыз:

Әлияны бұл

күнде,

Барлық бала

біледі.

Әр

жүректе тұр күліп,

Әлия атты батыр қыз.

1 Қыз:

Мәншүк апай батыр

қыз,

атын біз.

Мәншүк апайға,

Өсіп келе жатырмыз.

Ардақтаймыз

Ұқсап

Бейбарыс:

көкке атылды,

құлап, тау шұлап.

Жиырма сегіз

батырды,

алмады жау бірақ.

Тастар

Орман

Жеңе

Балжан:

Оқ астында

зулаған,

Туған

жермен бір болып.
Жау алдында тұрды олар,
болып.

Жиырма сегіз мың

Ислам:

Қайтпаған
жауынан,
Қаһарман Бауыржан.

Қан ішер

фашисті,

Қырды ол мыңдаған.

Хор. Балалардың орындауында: « Достық» әні.

Бексұлтан:

Үйлер де
құламайды,
Ешкімде
жыламайды,
Бейбітшілік болса.

Балалар болады

аман,
аман,
болса.

Аналар болады
Бейбітшілік

бала:

Жау жеңілді

ақыры,

Атты бейбіт таң

күліп.
сегіз батырды,
Ұмытпайды жау бірақ.

Жиырма

бала:

Тоғызыншы

мамырда,
алау-қабырға!
Еске алып
атамды,
қосамын дабырға.
Бала:

Гүл қоям

Үн

Барлық елдің

бөбегі,
туысқан.
Бәрімізге төгеді,
шуағын күміс таң.

Бір біріне

Өз

Настия:

Ой

лап-ойлап тұрдым мен ,
кеп.

Сауал бердім білгім

Құанышты мереке-

Жеңіс күні қай күн?- деп.

Жангир:

Жамылды жер тұманды,

Өрт ішінде қалды бақ. Жиырма сегіз батырды, Жеңе алмады жау бірақ.

Сергіту сәті.:

Көк туым

желбіре,

Асқақтап

аспанда.

Жас ұлан ел бірге, Жасқанба сап түзе.

Тәрбиеші :

71 жыл - бейбіт көктем таңы

атқалы.

71 жыл- шуақты

күтаратқалы.

Талай құс содан бері қайта

оралды.

Талай бақ әлеміне қайта орнады.

Соғыста өлгендер тек

оралмайды.

Тек ұрпақ

олар жайлы айтады әнді.

71 жыл-жауыздықтың ажал оғы.

Біздің елдің үстінен ұшпағалы.

Ел алдында борыштарын өтеп,еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған батырларымызға бас иіп 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

Балалар батырлық, ерлік туралы мақал білесіңдер ме?

Мақжан:

Ерлік-ел есінде.

Яна:

Елін сүйген - ер болар.

Жайна:

Ерлік-елдің

сыны.

Рабиям:

Ер есімі – ел есінде.

1945 жылы- 30 сәуірінің кешінде 6 сағат 30 минутта Жеңіс туы тігілді. Ту тіккен

Рақымжан Қошқарбаев 4 жылға созылған қан төгісті аяқтады.

Көрініс: *Рейхстагқа ту тігу.(Балалардың сомдауымен).*

Мағжан:

Арпалысып ел күнде,

Аңсап талай жыл

күткен.

Жеңіс күні

Берлинде,

Рейхстагқа ту тіккен!

Өрт

тұлғалы келбетті,

Қошқарбаев Рақымжан

Би: *Қыздар, ұлдар биі.*

Қорытынды : *Сұрақ - жауап
арқылы.*

*Балалар 9-мамыр қандай
мереке?*

Жеңіс күні. Батырларымыздың есімдерін қайталап айтайық.

Ардагерлеріміздің арқасында біз осы күнге жеттік. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақытын, құанышын сақтап қалды. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте, балабақшада алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз- бәрі осы Жеңістің арқасы. Біздер соғыстың емес, бейбіт заманның батырлары болайық. Білім алып өз жеріміздің, еліміздің патриоттары болайық.

Тақырыбы: «Қала мұражайына саяхат»

Мақсаттары:

Тәрбиелік: балаларды Отан сүйгіштікке баулу, туған еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту арқылы тәрбиелеу.

Дамытушылық: балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

Оқыту: тақырыпқа байланысты сөздерден сөйлемдер құрастыра алу, мақал-мәтелдерді жатқа айта алу; өткен тақырыптарды қайталау, шағын сөйлем құрастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарының айтылуын қадағалау. «Мынау кім?» «Бұл кім?», «Қандай?», «Не істедім?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Педагогикалық технологиялар: ойын технологиясы, үштілдік оқыту технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, ақпараттық коммуникативтік технология, тұлғалық бағдарланған технологиялар.

Ресурстармен қамтамасыз: экран, ленталар, карточкалар, В.Воскобовичтің дамытушылық ойындарынан коврограф, игровизор, ұлттық заттар, суреттер.

Көптілділік:

Орыс тілі:

Флаг, герб, гимн

English: flag, coat of arms, hymn

1. Ұйымдастырушылық кезеңі

Кел достарым, келіңдер,

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді!

Мұражайға келіңдер!

Толтырайық шаттыққа

Дөңгеленген шеңберді.

Мұғалім балаларды мұражайға назар аударуды ұсынады.

- Ребята, мы с вами находимся в музее,

- Обратите внимание, как все здесь красиво, уютно.

Негізі бөлімі

1. Сұрақ – жауап /слайд/

- Біз қандай қалада тұрамыз?

- Қостанай қаласы қандай ?

-Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?

- Мынау қандай қала?

-Мынау не?

- Тудың түсі қандай?

- Мынау не?

-Тағы қандай рәміздерді білесіңдер?

/Гимнді орындау/

- Мынау кім?

-Ол қандай қызмет атқарады?

2.Мұғалім балаларға ойын ойнауды ұсынады.

Түрлі –түсті ленталармен Отан туралы сөйлемдер айту.

-Қандай лента?

-Отан деген не?

-Отан қандай?

Д/о «Түрлі түсті ленталар»

-Балалар көтерген ленталар неге ұқсайды?

- Балалар біздің қыздар құрастырған шаңырақ өте әдемі болды, жарайсыңдар.

-Ал мен сендерді мына шаңыраққа шақырамын.

Мына әдемі сандық ішіндегі заттарды алып киіз үйдің ішін безендірейік.

3.Д/ ойын «Ғажайып сандық»

-Балаларға музыкалық сергіту сәтін жасауға ұсынады.

Сергіту сәті

«Көңілді күн»

5.Мұражаймен саяхатты жалғастыруды ұсынады.

- Ал, мына бұрышта Қостанай қаласының суретшілері Александр Никифоров Вадим Быков, Георгий Соковтың бар.

-Балалар, бізде суретшіге айналып кілем үстіне композиция жасайық.

Дидактикалық жаттығу «Менің отбасым»

- Отбасында кімдер тұрады?

-Отбасында неше адам тұрады?

- Сенің отбасында неше адам бар?

- Отбасы қандай?

6. - Балалар, қараңдаршы біз бір –бірімізге ұқсамаймыз, түрлі ұлт өкілдеріміз.

Бірақ біз тату- тәтті тұрамыз.

-Қандай мемлекеттік мерекелерді білеміз?

«Көптілділік жолында» жұмыс дәптері.

Тапсырма. Ұлттық киімдерге тиісті бас киімдерді тап, сызық арқылы қос.

- Мынау қандай ұлт?

-Қазақтың ұлттық киімдерін ата?

Мұғалім балаларды ұлттық киімдер бар жердегі қуыршақтарды қарауға ұсынады.

7. Отанымызды қаншалықты жақсы көреміз, мына алма арқылы Отан туралы мақал –мәтелдерді атап шығайық. Мен бастайын сендер жалғастырыңдар. **Тапсырма:** «Ғажайы алма» мақала – мәтелдерді жатқа айту.

- «Отан оттан да ыстық»
- «Отансыз адам -ормансыз бұлбұл»
- «Жері байдың-елі бай»
- «Туған жер – алтын бесік».
- «Гүл ексең жеріне ек»
- «Отан отбасынан басталады»
- «Отан елдің анасы
- «Ер елдің баласы»
- «Туған жердей жер болмас
Туған елдей ел болмас»
- «Отанды сүю — от басынан басталады»
- «Туған жерге туынды тік»
- «Туған жердің жуасы да тәтті.»

Қорытынды:

- Балалар біз қайда саяхатқа шықтық?
- Өз Отандарына қандай тілек айтар едіңдер?
- Балалар мұражайдың мына бұрышында қазақ халқының зергерлік бұйымдары бар. Сендерге естелік ретінде қыздарға сақина, ал ұл балаларға сувенирлерді сыйлаймын.

№23

Тақырыбы: «Шырайлы Шымкент»

Мақсаты:

Сұрақ жауап арқылы тілдерін дамыту, Шымкент қаласы мен ондағы ойын сауық орталықтарымен таныстыру. Өз қаласын сүйуге, оның көркейіп үлес қосуға ,тазалыққа үйрету.

Көрнекілік:Қаланың үлкен ғимараттарының суреттері, ЗОО бақтың көрінісі, аңдар.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілінің қанша айы бар?

Жарайсындар Балалар бүгін біздің оқу қызметіміз ерекше болады.

Бүгін біз өз қаламыз Шымкент қаласымен танысамыз. (көгілдір экраннан Шымкент қаласы көрсетіп, мәлімет беру) Қарандаршы балалар біздің қаламызда үлкен

ғимараттар ойын сауық орталықтары үлкен сауда үйлер бар екен. Балалар кім қала туралы тақпақ біледі?

1 бала:

Шымкетім шырайлым шекерім,

Өзіңді жырлаумен өтемін.

Еліме құт болған берекем

Бақ қонған мекенім.

2 бала:

Өзіңсің жер анасы

Шымкент қаласы

Сенде туып сенде өскен

барлық ұлттың баласы.

Балаларды зообақ пен дендро саябағы мен қиял әлемі мен үлкен сауда үйлері мен таныстыру. Ал енді балалар өзіміздің қаламыздағы ЗОО саябағына саяхатқа шыққыларың келе ме? Олай болса көзімізді жұмамыз. Енді жаймен ашамыз.

Ғажайып сәт.(Сайқымазақ кіреді)

Ой балалар мұнда сайқымазақта жүр екен ғой

Сайқымазақ: Саламатсыңдар ма балалар?

Тәрбиеші: Сайқымазақ сен мұнда не істеп жүрсің?

Сайқымазақ: Мен мұнда жабайы аңдарды көруге келдім. Сайқымазақ олай істеуге болмайды. Аңдарды ашуландырып алма, аңдар ашуланса өте қауіпті болады. Оданша бері кел біздің қасымызға. Біздің балалар осы аңдар туралы саған тақпақтар айтып береді.

Сайқымазақ: жарайды.

Түлкі түлкі түлкішек

Күнде қайда барасың?

Апам үйне барамын

Апаң саған не береді?

Ешкі сауып сүт береді.

Лақ сойып ет береді.

Оны қайда қоясың?

Тал түбіне қоямын

Ит жеп кетсе қайтесің?

Баған алып қуамын.

Ал енді балалар тобымызға оралатын уақытта жетіп қалды.

Сайқымазақ: Балалар мен енді ЗОО саябағына келгенде аңдарды ашуландырмаймын.
Сау болыңдар балалар!

Көзімізді жұмамыз. Жаймен ашамыз.

Қорытынды:

Балалар біз қайда саяхатқа шықтық? ЗОО саябағында кімді кезіктірдік? ЗОО саябағында қандай аңдарды көрдік?

№24

Тақырыбы: « Ақтөбе»

Мақсаты:Балаларға туған өлкесі туралы түсінік беру.Ақтөбе қаласының көрікті жерлерімен таныстыру.Туған жеріне,еліне сүйіспеншілігін арттыру,ондағы өсімдіктерге,жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелей отырып,балалар бойына патриоттық сезімін ояту.

Қолданылатын көрнекіліктер:

Қаланың көрікті жерлерінің суреттері,Слайд шоу,Ақтөбеніңелтаңбасы,өсімдіктер,жануарлар,құстардың суреттері,қызыл кітап.

Тәрбиеші:Балалар бүгін оқу қызыметіміз ерекше болмақ.Алдымен қонақтармен амандасу .

Балалар:

Алақанды ашайық,

Күн нұрын алайық.

Жүрекке оны салайық

Жүректен алған жылуды,

Алақанға салайық.

Тәрбиеші:Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар:Көктем мезгілі.

Тәрбиеші:Көктем айлары қалай аталады?

Балалар:Наурыз,Сәуір,Мамыр.

Тәрбиеші:Дұрыс айтасындар,Ал енді біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар:Қазақстанда.

Тәрбиеші:Олай болса мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

«Кім жылдам» Шарты:доп лақтыру арқылы қалалардың аттарын тауып айтады.

Тәрбиеші:Қай қалада тұрамыз?

Балалар:Ақтөбе қаласы

Тәрбиеші:Әр қаланың өз елтаңбасы бар.Ақтөбенің де ел таңбасы бар.Мына таңбалардың ішінен Ақтөбенің елтаңбасын тауып беріндерші.Жарайсындар, кане олай болса елтаңбамызды жанына Ақтөбе қаламыздың суреттерін алып

қаламыздың қай жері екенін айтып, тақтаға орналастырамыз.

Балалар:Балалар суреттерді тауып тақтаға орналасырып айтады

Тәрбиеші:Жарайсындар,балалар,енді бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Көтеріліп шаңырақ,уықтары шаншылар,

Кергелер керіліп

Өрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,киіз үй болып көрінер.

Тәрбиеші:Енді туған жеріміз Ақтөбе қаласының көрікті жерлері,демалыс орындары, ойын сауық кешендері,өнер оралығы,ғимараттар және өзіміздің ақын жазушыларымызға тоқталайық(слайд шоу).

Тәрбиеші:Балалар Ақтөбе туралы кім тақпақ біледі?

Балалар:Қайсар, Бексұлтан, Мунира.(тақпақтарын айтады)

Тәрбиеші:Балалар бізге біреу келе жатқан сияқты.Кім болды екен?

Осы кезде барыс кіреді.

Барыс:

Сәлеметсіздер ме достарым

Бейбітшілік пен мейірімділік

Ел таңбасы мен боламын

Өз елімнің күштісімен білікті

Ақтөбені қорғап жүрер мен өзім

Қаланың қақпасын мен ашармын.

Балалар мен сендерге жай келген жоқпын, тапсырма ала келдім.

Тәрбиеші: балалар барстың тапсырмасын орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар: дайынбыз.

Тәрбиеші: Туған жер туралы мақал – мәтелдерді жалғастыру.

Балалар: Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Туған жердің күніде ыстық,

Туған жердің түніде ыстық.

Туған жерге туыңды тік.

Туған-жердің тасы да таныс.

Бөтен жердің гүлінен,

Туған жердің тікені артық.

Тәрбиеші: (СЛАЙД ШОУ) Қызыл түс нені білдіреді? Қызыл түс қауіп сақтанудың белгісі. Мынау қызыл кітап. Қызыл кітап не үшін керек деп ойлайсыңдар? Қызыл кітап тірі табиғатты сақтау үшін шығарылды. Сондықтан оларды қорғау сақтау керек. Ақтөбенің жануарлары кең тараған. Олар біздің достарымыз. сирек кездесетін сұр киік бар.. Мына жануарлардың арасынан қызыл кітапқа азайып бара жатқан жануарлар мен құстарды өсімдіктерді теріп, атын атап орналастырамыз..

Жануарлар: аққу, дуадақ, құлан.

Өсімдіктер: шырша, таусағыз, қызғалдақ.

Балалар: Қызыл кітапқа орналастырады.

Тәрбиеші: Ал енді балалар, мына Ақтөбенің елтанбасын сәңдейік

Тәрбиеші: Дайын тұрған түрлі түсті бояу езбеге губканы батырып бастырады.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі оқу қызметінен не білдік? не туралы әңгімеледік

Балалар: Туған жеріміз Ақтөбе туралы әңгімеледік.

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін сүйікті туған жеріміз туралы әңгімеледік. Туған жерімізді, елімізді мақтан тұтып, қадірлеп құрметтейік. Ол үшін жақсы оқып, ақылды азамат болуға тырысамыз. Туған жеріміздің табиғатына

қамқорлықпен қарап сүйіспеншілігін арттыру. Біз осындай татулықты, бірлікті, бейбітшілікті сүйетін Қазақстан елінде тұратынымызды мақтан етеміз.

№25

Тақырыбы: «Қарағанды.»

Мақсаты: Туған өлкесін тани білу, қаланың көшелері кең, үйлері биік туралы білім беріп толықтыру, кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру, мақтаныш сезімдерін ұялату, көшелерінде тазалықты сақтауға баулу.

Әдіс- тәсілі: әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сергіту сәті, түзету жұмысы, ойын

Көрнекіліктер: сурет көрмесі, көмір, таратпа суреттер

Билингвалді компонент: Сары - арқа жері, тас, от, жанады, Аппақ Байжанов, көмір, кенші, Қарағанды, туған қала, көше, даңғылы, ғимарат, ескерткіш, әмбебап дүкені, спорт кешені.

Амандасады, балалардың көңіл - күйін сұрайды. Бүгін мен сендерді сүйікті қаламыз Қарағанды қаласы ішіне саяхатқа шақырамын

Саяхаттан бұрын мен сендерге әңгіме айтып беремін. Аппақ Байжановтың фото суретін көрсетіп .

- Ерте ерте ертеде.

- Сары - арқа жерінде бір бала қой бағып жүрген. Баланың аты Аппақ Байжанов болған екен. Бір күні Аппақ тас тауып алыпты. Сол тасты байқамай жанып жатқан отқа түсіріп алады. Қараса тас жанып жылу береді, қызуы жақсы. Аппақтың тауып алған тасы көмір болып шықты. Тас көмірдің табылуына байланысты осы жерде Қарағанды қаласы пайда болды.

Қазір Қарағанды қаламыз үлкен мәдени- өндіріс орталығы. Сурет көрмесіне назар аударады: (бейнеленген ғимараттар)

- Мынау ненің ғимараты?

1- Цирк

2- «Шахтер» стадионы, Н.Әбдіров атындағы спорт кешені.

3- Демалыс саябақтар, «Қиял әлемі», «Бегобақ»

4- Хайуанаттар бағы

5- Театрлар, дүкендер бар

Сергіту сәті: «Қарағандың ауа – райы»

Қарағандыда күн ашық –

Жел соғып тұр

- Жаңбыр жауып тұр

- Күн ашық, жарқырап тұр

Ойын: «Сен қай көшеде тұрасың?»

Көше аттарын дұрыс айтуға жаттықтыру Н. Әбдіров, Бұқар Жырау даңғылы, Ә.Ермеков, Ғ. Мустафин, Ж. Жабаяев, Н. Әбдіров көшелері бар Жаттау: «Қарағанды арман қала»

Қорытынды: біздің қала кеншілер қаласы деп аталады? Қаламыз одан әрі көркейіп, гүлденуі үшін не істеуіміз керек?

№26

Тақырыбы:"Таразы".

Мақсаты: Балаларға туған жері туралы туралы түсінік беру.

а) Балаларды елін сүйеге, жерін сүйеге, қорғауға

тәрбие беру,патриот болуға үйрету.

ә) Балалардың сөйлеу, есте сақтау,зейін қабілеттерін
дамыту.

б) Балаларды отансүйгіштікке, тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Қорғау, құрметтеу,аялау

Билингвальды сыңары:Бесік- колыбель

Заттың дамыту орталығы:Сурет, слайд, әр түрлі дидактикалық
материалдар.

Балалар барлығы бірге:

Үлкенге де "сіз"

Кішіге де "сіз"

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Жарайсыңдар, балалар,орнымызды тауып, отырайық.

-Балалар бүгінгі біздің тәрбие тәрбие сағатымыз "Тал бесігім -Таразым" деп аталады.

- Балалар, біздің мемлекетіміз қалай аталады?

- Әрине, Қазақстан біздің туған жеріміз.Балалар, Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады?

-Әрине,Ту,Елтаңба, Гимн жатады. Олай болса, Бәріміз орнымыздан тұрып Әнұранды айтайық.

Жарайсыңдар, албалалар, Біздің бас қаламыз қалай аталады?

- Әрине, Астана.

Ал, енді туған жеріміз қай қала?

Иә, Тараз қаласы, олай болса бүгінгі ашық тәрбие сағатымыз осы туған қаламыз Тараз қаласы туралы болады. Балалар, ертеде ғұламаларымыз айтқан екен:

"Бүгініңді білмесең, болашақтан үміт үз,

Бүгініңді білгің келсе өткеніңе үңіл" - деген енді осы өткен тарихымызға көз жүгіртейік. (Буклет).

Балалар біздің Тараз қаласының киелі жерлері өте көп, солардың бірі: Айша бибі, Қарахан, Бабажа қатын, Тектұрмас сынды тарихи жәдігерлерімен әлемді сүйсінткен көне Таразды, шығыстың ұлы жұлдызы Фердаусидың жүрегінен суырып алған, бұл көне, қасиетті Таразды мына өлең жолдары арқылы жеткізген:

«Сергітер жүрек жарасын,

Мөп-мөлдір көздер қарасын Тараздан ғана табарсың»-деп оның табиғатына, тұрмыс тіршілігіне, тарихы мен салт-дәстүріне, топырағына сүйсінген. Тараз - қазақ мәдениетінің алтын бесігі.

-Балалар, ендеше, туған жердің тамаша жерлеріне көз жүгіртейік. (Слайд).

- Көне, балалар, осы слайд алған әсерлеріңді тақпақ, өлең арқылы көрсетіңдерші (**тақпақтар**)

Тәттілікпен баурап алған,

Тілдеріңнен айналайын.

Қызғалдақтай алаулаған

Түрлеріңнен айналайын.

Бәрекелді, балалар, сендер туған жерлерің өте қатты жақсы көреді екенсіңдер!

Балалар енді бәріміз бірге орнымыздан тұрып сергіту сәтін жасайық.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдыңнан жел еседі,

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Тамаша, орындарыңа отыра қойыңдар.

-Енді, балалар, мен сендерге мына Тараз қаласының суретін құрастыру ойынын ойнатайын. Бұл суретте Тараз қаласының қақпасы қиылып жатыр осы суретті құрастыру керек. Балалар бір-бірден шығып құрастырады.

-Жарайсыңдар, балалар!

Енді біз бәріміз бірге "Ақ көгершін" әнін айтайық. Бұл әнде біз балалар көгершінді татулықтың, бейбітшіліктің символы деп білеміз.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын дей келе «Ақ көгершін» әнін айтайық.

Тәрбиеші тәрбие сағатты қорытады, белсенді қатысқан балаларды мақтайды. Белсенді қатысқан балаларға сыйлықтарын береді.

№27

Тақырыбы: «Павлодар »

Мақсаты: Сурет бойынша өздерінің туған қаласы жайлы айту.

Міндеттері: Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге ,тез қабылдауға баулу, тіл байлықтарын дамыту. Өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Билингвалды компонент:туған-родной,өлке-край, :

Көрнекі құралдар: суреттер, жемістермен көкөніс муляждары

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру,сұрақ-жауап,әңгімелесу.

Балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді әнұраннан бастаған себебіміз бүгін біз, Отанымыз-Қазақсан және туған өлкеміз Павлодар қаласы туралы айтамыз.

Суретпен жұмыс.

-Балалар біздің республикамыз қалай аталады?

-Біздің отанымыздың президенті кім ?

-Қазақстан республикасының рәміздерін атаңдаршы?

- Қазақстан республикасының бас қаласы, астанасы қай қала?

Біз қай тілде сөйлейміз?

-Жарайсындар. Балалар жана біз үлкен отанымыз туралы еске түсірдік. Ал енді өзіміздің туған өлкеміз жайлы айтамыз.

Балалар біздің тұрып жатқан жеріміз, туған өлкеміз қалай аталады?

Ендеше туған өлкеміз Павлодар туралы шағын суреттер арқылы әңгімелейміз.

Мынау қаламыздың Машһүр Жүсіп мешіті, кітапханасы, мектептері, емханасы, балабақша т.б. әртүрлі көптеген мекемелері жайлы айту. Ал балалар сендер келіп жүрген қандай балабақша? Балалар біз осында туғандықтан тұрамыз, білім аламыз, өскенде туған

жерімізде жұмыс жасаймыз.

Сергіту сәті:

Қане, қане тұрайық

Күнге қолды созайық

Бір отырып бір тұрып

Орнымызды табайық.

Мақал жаттаймыз. Отан оттанда ыстық. Отан сүю отбасынан басталады

Қортынды Бүгін біз не туралы әңгімеледік? Мадақтау ,бағалау

Тақырыбы: «Өскемен»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, өз ойларын жеткізу алу қабілеттерін дамыту. Өскемен қаласының көшелеріне өздерінің жаңа атауларын ойлау.

Неліктен көшелер Потанин, Абай, Әуезов, Серікбаев аталғанын түсіндіру.

Сөйлемді аяқтау: «Ең әдемі көше – бұл...»

«Құбылмалы қала» Егер Өскемен қаласында Ертіс және Үлбі өзендері болмаса не болар еді?

(дүкендер, балабақшалар, мектептер, мұғалімдер, құрылысшылар,...) т.б. Келешектің қаласы қандай қала?

Ересек адамдар жоқ қала қалай аталады?

Сен қалада қандай ескерткіш тұрғызғың келетіні туралы ойлану және әңгімелеп беру. 10-20 жылдан соң Өскемен қандай болады?

«Солай болады» Типтік белгілері жоқ анықтамада қала туралы әңгімелеп үйрету.

Тәрбиеші сөзтіркесін айтады, балалар оның мағынасын ашады. Мысалы: Суық-Өскемен (қысқы бейне), гүлденген Өскемен (көктем кезі), көңілді Өскемен (мереке кездері), түрлі-түсті Өскемен (күз айларында). «Кім ең көп сөз жинайды?» Сөзді тез қабылдап, оған қатысты сөздер табу.

Тәрбиеші зат есімдерді айтады, балалар мағынасы жағынан сәйкес сын есімді айтады. Мысалы: Өскемен (сүйікті, әдемі, жасыл, жазық). Бұқтырма су қоймасы (үлкен, терең, суық, кең). «Металлург» паркі (жасыл, тартымды, кең). Ертіс өзені (терең, кең, тез, ағынды). «Өскеменнің зиялылары» Құралдар: қаланың бейнесі бар қиылған қағаздар, фишкалар.

Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі. Фотосурет немесе құттықтау парағы бойынша –Ескерткішті таныдыңдар ма (мекеме), сол туралы айтып беріңдер. Тапсырманы орындаған команда фишка алады. Ойынның соңында қорытынды болады.

«Айырмашылығын тап» Қазіргі және ескі Өскеменнің айырмашылықтарын әңгімелеуге үйрету. Туған өлкенің қазіргі және өткеніне деген қызығушылық тудыру. Құралдар: ескі және жаңа қаланың бейнелері бар суреттер. Тәрбиеші қаланың бұрынғы және қазіргі тұрғындарын салыстыруды ұсынады.

Қалай киінді, қалай және қай жерлерде жұмыс істеді, ескі көшелер мен жаңа көшелер қалай көрінеді?

Тақырыбы: «Семей»

Мақсаты:

Білімділік: Семей қаласы туралы жан-жақты мағлұмат беру, грамматикалық тақырыптарға байланысты білімдерін қалыптастыру.

Дамытушылық: жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастыруға дағдыландыру, өз ойларын еркін, әрі жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру, сөйлеу тілін дамыту
Тәрбиелік: Отанымызға деген сүйіспеншілікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: топтық, сұрақ-жауап, іздендіру, ой шақыру, көрнекілік әдістері, талдау, салыстыру.

Техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабаққа дайындау, сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, назарларын сабаққа аудару.

II . Үй жұмысын тексеру.

1.Б: 143. Тапсырма (ауызша), сөйлемдерді оқу.

2.Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қою:

1. Қазақстанның қалаларын атаңдар.

2. Қазақстанда қандай көне қалалар бар?

3. Түркістанда кімнің кесенесі бар ? Ол кім?

4. Алматы қаласы қай жылдары Қазақстанның астанасы болды?

5. Қарағандыда не өндіреді?

6. Қызылордада не өседі?

7. Байқоңыр – ғарыш айлағы қай облыста орналасқан?

8. «Шымкент» қаласының атауын түсіндір?

1 4 5 7

8 6 2 3

III.

Ал бүгін «Семей қаласы» тақырыбымен танысамыз.

Шағын кеме – небольшой корабль

Су бойымен – по воде

Тасымалданды – перевозили

Бірте-бірте – постепенно

Ядролық қарусыздану - ядерное разоружение

Аспалы көпір -

Қос қапталы - с двух сторон

Ресми түрде - официально

Тәрбиешінің толықтыруы: (Слайдтар бойынша)Семей – Шығыс Қазақстан облысының ірі қалаларының бірі. 1718 жылы Семипалатная қамалы ретінде негізі қаланды. 1782 жылы қала мәртебесін иеленді. 1783 жылы Семипалатинск деп аталды. 1851 жылы қала гербі бекітілді: «Қалқанның көкшіл бетінде алтын тиелген түйе, оның үстінде күміс ай мен бесбұрышты жұлдыз. Қалқанның жоғары жағында қаланың алтын тәжі бейнеленген» ХҮІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өткен сауда торабы. ХІХ ғасырда саяси жер аудару мекені болды. 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысының құрамына кіргізілді. 2007 жылғы Елбасы жарлығымен қала Семей атын иеленді. Семей 2781 мың га жерді алып жатыр, халқы 300 мың адам. «Семей» деген сөздің өзі көне түркі тілінде «рухани орта» дегенді білдіреді. Семей қаласы Ертіс өзені бойында орналасқан. Ертіс өзеніндегі жаңа аспалы көпір қала көркіне, мақтанышына, символына айналды. Жүздеген шақырымға созылған қарағайлы орман бар. Қалада орталық саябақ, балалар саябағы, балалар биологиялық орталығы, су бағы, жеңіс саябағы бар. Қала аумағында бірнеше мұражай: тарихи-өлкетану мұражайы, Абайдың қорық мұражайы, Ф.М. Достоевскийдің мұражайы, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайлары қызмет етеді. Кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет үйлері, Жастар сарайы есігі көрермендерге айқара ашық. Қазақ

және орыс театрлары жұмыс істейді. Қалада 9 мешіт, 2 православие шіркеуі, тағы басқа діни орындар жұмыс істейді.

Ядролық қаруды сынау үшін Семей полигоны 1949 жылы ашылды. Әр түрлі сыналған жарылыстар адам өміріне қауіп төндірді. Дүниеге ауру балалар келіп, экология нашарланды. Жарылыстарды тоқтату мақсатында Қазақстанда «Невада – Семей»

антиядролық қоғам құрылды. Оның басшысы, әрі ұйымдастырушысы ақын, белгілі қоғам қайраткері О. Сүлейменов болды. Осы қозғалыстың нәтижесінде 2010 жылы ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтің Жарлығымен Семей полигоны жабылды. Еуразия құрлығының кіндігі болып табылатын Абайдың, Мұхтардың туған жері – Шыңғыстау. Онда Абайдың мұражай үйі, «Еңлік-Кебек» зираты, Еуразия кіндігі ескерткіші, Абай-Шәкәрім кесенелері бар. Семей қаласында 20 жоғарғы оқу орны, 14 колледж, 5 кәсіптік-техникалық мектеп, 82 жалпы білім беретін мектеп бар. Қалада Шәкәрім, Қабанбай батыр, Абай, Мұхтар Әуезов ескерткіштері, Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерге, ядролық сынақтардың құрбандарына арналған ескерткіштер бар. Қазақ халқының көптеген ғалымдары мен өнер қайраткерлері Семей қаласында дүниеге келген. Ұлы ақын Абай Құнанбаев, ақын-философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, академик-жазушы Мұхтар Әуезов. Өнер жұлдыздары, әнші Б.Төлегенова, Р.Рымбаева, ғалым Қ.Мұхаметқанов, жазушы Р.Сейсенбаев, сазгер Б.Алибасов, айтыскер ақындарымыз С.Тоқтамысова, Р.Зайтовтардың Семейден шыққанын мақтан етеміз! Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. IV. Бекіту.

Балалар үш топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмалар беріледі.

1. Деңгейлік тапсырмалар I деңгей . Мәтін бойынша тірек –схема құрындар.

II деңгей. Мәтіннен сын есімді тіркесті тауып жазындар.

III деңгей. 145 бет. Тапсырма . Диалогты оқу, аудару.

2. Б: 145 Тапсырма (жазбаша)

Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңін толықтырып , орыс тіліндегі аудармасын оқу не туралы екендігін сұрау.

3. Шығармашылық жұмыс.

Үш топқа тапсырмалар беріледі, әр топ берілген сөздер бойынша шағын мәтін құрайды.

III топ: «Семейдің табиғаты» табиғат Ертіс өзені өсімдіктер әлемі орман биік тау аңдар

II топ: «Қазіргі кездегі Семей қаласы» Шығыс Қазақстан облысы әдемі мұражай ескерткіштер

кәсіпорын институт

I топ: «Семейдің тарихы» Доржынкит 7 шатыр өндіріс орындары 1718 жыл білім ошақтары

V. Қорытынды.

Сабақты тест сұрақтары бойынша қорытындылау:

1. Семей қаласы Қазақстанның қай облысында орналасқан?

- А) Орталық Қазақстан В) Батыс Қазақстан С) Шығыс Қазақстан Д) Оңтүстік Қазақстан
2. Ертіс өзенінің жағалауында орналасқан қаланы анықтаңыз?
- А) Алматы В) Астана С) Қызылорда Д) Семей
3. Семей қай ғасырда дамыды?
- А) XIX ғасырда В) XX ғасырда С) XIII ғасырда Д) XV ғасырда
4. Қаланың көне атауын тап:
- А) Перовск В) Алмалық С) Ақмешіт Д) Доржынкит
5. «Семипалатинск» деп аталуының себебі неде?
- А) Қалада әдемі 7 шатыр болған. В) Қалада зәулім мешіт болған
- С) Қалада тері өңдейтін зауыт болған Д) Қалада мұражайлар көп болған.
6. Қазақ халқында «Шыңғыстаудың үш шыңы» атанған кімдер:
- А) Ы. Алтынсарин, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов В) А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов
- С) С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Сейфуллин Д) Ш. Уәлиханов, Ж. Жабаев, Ғ. Мұстафин.
7. «Невада –Семей» антиядролық қозғалысты ұйымдастырушы кім?
- А) А. Құнанбаев В) Қ. Мырзалиев С) О. Сүлейменов Д) М. Әуезов
8. «Семей» ядролық полигоны қай жылы жабылды?
- А) 1992ж В) 1991ж С) 1989ж Д) 2000ж
9. Семей қандай қала?
- А) көне В) жаңа С) қала емес Д) ұлы
10. Семей қаласында кімдердің ескерткіші бар?
- А) Қ. Сәтбаев, Ы. Алтынсарин В) Ж. Аймауытов, Ж. Жабаев
- С) А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов, Қабанбай батыр Д) М. Мақатаев, М. Жұмабаев

Жаңа сөздер, тірек –схема.

Балалардың жауаптарын бағалау.

№30

Тақырыбы: «Атырау менің мақтанышым»

Мақсаты: Балалардың туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, олардың сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту, еңбекке, адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу, Қазақстанның кейбір қалаларымен таныстыру.

Тәрбиеші: Қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілі

- Балалар күз мезгілінде неше ай бар?

- Үш ай Олар қыркүйек, қазан, қараша.

(күз мезгіліндегі табиғат өзгерістерін әңгімелейді)

Тәрбиеші: Өте жақсы, балалар. Балалар, бүгін біз сіздермен өзіміздің Отанымыз Қазақстанның картасымен танысамыз.

Отанымыз туралы еске түсірейік.

- Балалар, біз қай мемлекетте тұрамыз?

- Қазақстан Республикасында

- Қазақстан Республикасының президенті кім?

- Н. Ә. Назарбаев

- Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

- Астана қаласы.

- Ал біздің облысымыз қалай аталады?

- Ақтөбе облысы

- Ал, өзіміздің тұратын қаламыз қалай аталады?

- Алға қаласы

Тәрбиеші: Балалар, енді біз өзіміздің Қазақстан қалаларына саяхат жасаймыз. Біздің еліміздің кең байтақ жеріне жетер жер жоқ.

- Мынау Елордамыз Астана қаласы.

(қысқаша Астанадағы өндіріс салалары айтылады)

- Мынау бас қала – Алматы қаласы. (апорт алма)

- Мынау – Қарағанды қаласы. (көмір)

- Мынау – Қызылорда қаласы (күріш)

- Енді өзіміздің тұратын Қазақстанның қалалары қалай аталады?

Балалар: Атырау, Ақтау, орал, Ақтөбе

Тәрбиеші: Атырауда ең алғаш рет мұнай шыққан. Мұнай түсі қара, сұйық. Біз мұнайдан бензин, керосин аламыз. (Нұрсұлтан

Ақтау қаласында газ шығарылады. Газды біз күнделікті тұрмыста пайдаланамыз. Газбен үй жылытамыз, тамақ пісіреміз. (Әлижан)

Ал, Орал қаласы мал шаруашылығымен айналысады. Қаймақ, май, айран өндіріледі. (Диас)

Ал, Ақтөбе қаласында бидай өседі. Бидайдан ұн аламыз. Ұннан нан, макарон, печенье аламыз. (Дильназ)

(Бір - бір баладан шығып, суреттерді тиісті орынға қояды)

Сергіту сәті: Ойын «Кім тапқыр?»

Тәрбиеші: Сонымен балалар, біздің туған жеріміз қай қала?

- Алға қаласы.

- Алға қаласының әкімі кім?

- Тағымов Марат Мырзағалиұлы.

- Жарайсыңдар, қане көзімізді жұмып, туған қаламызды елестетейікші.

Туған жерлі – сүю парыз,

Сүю үшін – білу парыз.

Қасиетін ұғу – парыз,

Күзетінде тұру – парыз.

Ал, қане туған жерге арнап өлең шумақтарын айтайық.

Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем. (Нұрлы)
Алтын астық даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем (Әділет)
Туған жер сәніміз,
Мәуесі мол бағымыз.
Саясында жетілер,
Балдай бала шағымыз. (Әділбек)
Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! (Осы мезгілде есік қағылады)
Топқа саяхатшы кіреді.
Саяхатшы: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен өмір бойы барлық жер шарын кезіп келемін, ал сіздің қалада мүлдем болған емеспін. Сіздің қаланың көрнекті жерлерімен танысайын деп картамы алсам ашылмайды, маған көмектесіңдерші.
Тәрбиеші: Көмектесеміз бе, балалар?
Балалар: Иә.

№31

Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам –Қызылорда!» Мақсаты:Балалардың қала туралы білімдерін тиянақтау,тіл байлықтарын,ой-өрісін,грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге,қаламызды сүйуге баулу,қаламыздың тарихи ескерткіштерін аялауға,қоғамдық орындарда тазалық сақтай білуге үйрету. Өз еліне ,жеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.Баланы сезімтал, адамгершілік, салауатты, инабатты болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қызылорда қаласының суреттері, Видео, слайд, таратпа материалдыр.

Сұрақ – жауап арқылы

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде неше ай бар?

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.Ол үшін назарымызды экранға аударайық.

-Балалар бұл қай қала?

-Біз қай елде тұрамыз?

-Қызылорда қандай қала?

Балалар биыл Қызылорда облысымызға 200 жыл болып отыр екен осыған орай бүгін біз облысымыз туралы толық мағұлматтар аламыз облысымыз жылдан жылға көркейіп келеді мына экрандағы суреттерге назар аударайықшы.

Балалар кім өздерінің туған қаласы туралы тақпақ біледі.

Айша:

Қызылорда қаласы

Болған бір кез астана

Ал бүгінде құлпырып

Өркен жайған жас қала

Нұрсұлтан :

Мен де туған қаламды

- Күз

Үш ай: Қыркүйек, қазан, қараша

Қызылорда

Қазақстан Республикасында

Әсем ,сұлу,әдемі,көрікті

Айтып әркез мақтанам

Көркейгенін күн сайын

Көремін де шаттанам

1. топ: Мұнайдың суретін құрастырады

2. топ: Күріштің пайда болуын көрсетеді.

3. топ: балықты сары түсті майлықпен жабыстыру

балалар жұмыс жасайды

Рефлексиялық – түзетушілік

Қорытынды:

- Балалар бүгін біз сендермен қандай қала туралы таныстық?

-Өз қалаларыңды жақсы көресіңдер ме?

Олай болса кішкентай жүректеріңнен шыққан жылы сөздерің мен тілектеріңді айтып картадан Қызылорда қаласын ерекшелеп көрсетейік.

-Қызылорда қаласы

-Ия

-балалар тілектерін айтады

Қорытынды.

№32

Тақырып: «Орал»

Мақсаты:

Тәрбиелік: Отанға, ел мен жерге, тілге, ұлтқа деген құрметін арттыру. Ұлтжанды азаматы болуға, адамгершілікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Білімділік: Оқушыларды қазақша сөйлете отырып, қазақ тілінен білім деңгейін көтеру, тілге, өмірге қызығушылығын арттыру. Сауатты жазып, сауатты сөйлеуге дағдыландыру, сөздік қорын кеңейту.

Дамытушылық: Тіл дамыту, тілге, елге, жерге, халыққа, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру оқушылардың ой-өрісін дамытады.

Сабақтың әдісі: ауызекі сөйлеу, жазбаша жұмыс, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: үлестірме қағаздар, интерактивтік тақта

Өту барысы:

Бүгін қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтің өлеңімен бастаймын:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті нін сүйем.

— Бұл өлең не туралы?

— Туған же, Отан туралы.

— Отан деген не?

— Отан деген адамдардың туып-өскен жері.

— Сендер қай жерде, қай мемлекетте туып өстіндер?

— Қазақстанда.

— Қазақстан қайда орналасқан мемлекет?

— Бұл ел Еуразияның орталығында орналасқан мемлекет.

— Қазақстан қандай мемлекет?

— Қазақстан тәуелсіз, дербес, егеменді мемлекет.

Ал, енді, Қазақстан туралы сендер қандай өлең білесіңдер?

1- бала: Отансыз жан өмір оңбайды,

Білесің бе?

Отансыз сен не екенін

Екі өмір жоқ, әрине, жоқ екі өлім.

Екі Отан жоқ.

Жалғыз Отан-мекенің!

Біздің Отанымыз біреу-ақ

Ол-Қазақстан.

2-оқушы: Туған жерім нұр шашып, жарық берген

Қуанышпен мол бақыт алып келген

16-желтоқсан шуақ болып

Тәуелсіздік еліме алып келген.

Бұл өлеңдер не туралы?

Отанымыз Қазақстан туралы.

— 16 желтоқсанда қандай мерекені атап өттік?

— Дұрыс, еліміздің тәуелсіздік алған күнін атап өтеміз

— Сондықтан біз бүгінгі сабағымызды осы 16 желтоқсан мерекесіне арнаймыз.

— Балалар, бізге қонақтар келіп отыр, сондықтан өз білімдеріңді жақсылап көрсетуге тырысыңдар. Ең бірінші біз мына сөзжұмбақты шешіп алайық

1. Қазақ халқының ұлттық аспабы (домбыра)

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәмізі. (әнұран)

3. Біздің Отанымыз. . . (Қазақстан)

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік . . . (тілі)

Бүгін біз сабақта Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласы туралы қысқаша дерек аламыз.

Сөздік жұмысы

Өңір-край

Тұлға – личность

Құрлық – континент

Әлемнің екі бөлігі – две части света

Нақ түйіскен жері – на пересечении

Негізі қаланған – основан

Әкімшілік орталық – административный центр

Сөз тіркес, сөйлем құрастыру

Мәтінмен жұмыс

Орал – тарихи қала

-мен оқимын

— оқушылар оқиды, аударды.

— бөліктерге ат қояды

— сұрақтарға жауап береді (оқушылар сұрақтарды үлестірме қағаздарға жазады да, «сандықшаға» салады, содан кейін мұғалім кезек-кезекпен оқушыларға таратады олар жауап береді).

— бір зат есім, сын есімге морфологиялық талдау жасатқызу.

— екі сөйлемге синтаксистік талдау.

Кластер бойынша әңгімелеу (өздері құрастырады, жазады).

тарихы

Географиялық орны

аумағы

Орал – тарихи қала

Тарихи ескерткіштер

Халқының саны

Мәдени орындар

Қазіргі Орал

Үйге тапсырма : «Орал – тарихи қала» мәтіннің мазмұнын айтып келу, реферат жазып келу.

Бекіту: «Ақжайығым – ару мекенім» атты өлеңді балалардың бәрі де айтады.

Тақырыбы: «Петропавл»

Максаты: Солтүстік Қазақстан облысы жайында түсінік беру; оның орталығы Петропавл қаласына саяхаттау арқылы Петропавл қаласымен таныстыру; жаңа сөздерді есте сақтау арқылы сөздік қорларын молайту, сұраққа жауап беру арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Өздерінің туған жерлерін, Петропавл қаласын құрметтеуге, қаламызды тазалықта сақтауға, отансүйгіштікке тәрбиелеу; тақтаның алдында жұмыс істеу барысында дұрыс әрі таза жазуларын қадағалау арқылы сауатты жазуға дағдыландыру; буын мен оның түрлерін ажырата алуды меңгеру. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік
Сәлеметсіздер ме, балалар!

Тіл дамыту:

Отан –деген Атамекен

Отан деген туған жер

Отан-Ана

Отан-үлкен

Қазақстан туған ел!

Бүгін сыныпта мен кезекшімін.

Бүгін қарашаның

апта күні

ауа райы (салқын, жаңбырлы, жылы, суық) -Отырыңыздар! -Сыныпта кезекші кім? -

Бүгін нешесі? -Аптаның қай күні? -ауа райы қандай?

Мынау не?

Сұрақ-жауап: Қазақстан қандай ел?

Қазақстан қандай мемлекет? Қазақстанда неше облыс бар? Қазақстанның Елбасы кім?

Қазақстан Республикасының рәміздері (авторларын айтқызыу)

Дидактикалық ойын Дұрыс, дұрыс емес. ҚР мемлекеттік рәміздерін көрсетеміз. Бір оқушы сыныпқа қарама-қарсы тұрып, артында көрсетілген рәмізді атайды.

Сыныптастары « дұрыс» десе, орнына отырады, ал «дұрыс емес» десе, келесі рәмізді атайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.

Қазақстанның елордасы қай қала?

Бәйтерек туралы аңызды кім біледі.

Балалар, біздің суреттеріміз жоқ. Олар қайда кетті екен? Мынау кім? Алдар көсе Ол не дейді? (сөздерін оқып, аударамыз)

Мен барлық суреттерді жасырып тастадым. Тапсырмаларымды орындасаңыздар табасыздар.

Міне, біздің суретіміз.

Екінші суретімізде танысатын жеріміз театр.
Үш топқа бөлініп, сандарды жазбаша жазамыз.
Келесі суретіміз саябақ.
Алдар көсе:
Менің тапсырмаларымды орындай алмас деп едім.
Алайда, ақылды балалар екенсіздер.
Жарайсыңдар, балалар!
Сергіту сәті: Жайқалады ағаштар,
Бетіме жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі.
Мына сөздерді жазып алып, буынға бөл.
Хан шатыр-хан ша-тыр бітеу, ашық, бітеу бір, екі буынды сөз
Мешіт-ме-шіт ашық-бітеу екі буынды сөз.
Бәйтерек –бәй-те-рек бітеу, ашық, бітеу үш буынды сөз
Астана –ас-та-на тұйық, ашық, ашық үш буынды сөз
Қорытындылау:
Қазақстан қандай ел?
Қазақстан қандай мемлекет?
Қазақстанда неше облыс бар?
Қазақстанның Елбасы кім?
Қазақстан Республикасының рәміздері
Сабағымызда танысқан жаңа сөздер:
Мұражай-музей
Абылай хан резиденциясы-резиденция Абылай хана
Театр-театр
Сәбит Мұқанов атындағы театр –театр имени Сабита Муканова
Ескерткіш-памятник
Ақын-поэт
Саябақ-парк
Үй жұмысы: сөздерді буынға бөліп, ажырат.
Мұражай
Резиденция
Театр
Ескерткіш
Ақын
Саябақ
Рефлексия:
Шаттық шеңбері:
Қуанамын мен де,
Қуанасын сен де,
Қуанайық, достарым,
Жарқыраған күнге!
Бағалау:
Қоштасу: Сау болыңыздар!

№ 34

Тақырыбы: «Түркістан»

Мақсаты:

Білімділік: Қазақтың тарихи қалаларды қайталау. Түркістан, Отырар, Тараз қалаларына шолу жасау. А.Йассауидің кесенесі жайлы әңгімелесу.

Дамытушылық: Берілген мәтінді түсініп, сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жаңа сөздерді меңгерту, сауатты жазуға төселдіру; өз беттерімен сөйлем құрастыру, қарсылықты салалас құрмаласты қайталау, мысалдар келтіру.

Тәрбиелік: Қазақ тілін үйрету арқылы оқушылардың патриоттық сезімін арттыру, оларды өз Отанын сүйуге тәрбиелеу.

I. Психологиялық кезең.

II. Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздер: Саяхат жасаймыз – отправимся в путешествие, сөзжұмбақ – кроссворд, пойыз – поезд, Көкшетау стансасы – станция Кокшетау, сергіту сәті – физминутка, жасырылған – спрятан, скрыто.

III. Тәрбиешінің сөзі:

— Құрметті балалар, бүгін біз қазақ елінің тарихи ежелгі қалаларына саяхат жасаймыз. Саяхатымыз жақсы болу үшін бізге сөзжұмбақтар көмектеседі. Пойыз орнынан қозғалды. Бірінші станция қалай аталады? Мына сөзжұмбақта бірінші станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап станцияның атауын шешеміз.

Сөзжұмбақ «Қазақстан картасы»

1. «Қазақстан картасындағы» күрішті қандай қала?(Қызылорда)
2. Қазақстанда мол мұнайлы қай қала?(Атырау)
3. Оңтүстіктегі мақталы қандай қала?(Шымкент)
4. Қара Ертістің саясында қандай қала?(Павлодар)
5. Ақ Жайықтың жағасында орналасқан қандай қала?(Орал)
6. Солтүстік орманда орналасқан қандай қала?(Петропавл)

Бірінші станцияның атауы – Отырар. Жақсы. Енді Отырар қаласына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жазамыз.

1. Отырар ... ғасырларда Сырдария өзенінің орта тұсындағы ірі мемлекеттің астанасы болған.

2. ... ғасырларда Отырар саяси, шаруашылық және мәдени орталық болған.

3. Отырар алғашқы кезде ... деп аталды.

4. Отырарда медресе, мешіт, базар, монша, басқа да ... болған.

Ежелгі қалалардың бірі – Отырар. Ол VI-VIII ғасырларда Сырдария өзенінің орта тұсындағы ірі мемлекеттің астанасы болған. XVI-XVII ғасырларда Отырар саяси, шаруашылық және мәдени орталық болған. Отырар алғашқы кезде Фараб деп аталды. Отырарда медресе, мешіт, базар, монша, басқа да ғимараттар болған.

Пойыз орнынан қозғалды. Келесі станция қалай аталады? Мына сөзжұмбақта екінші станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап станцияның атауын шешеміз.

Сөзжұмбақ «Қазақ хандығы»

1. Ұлы жүздің биі. (Төле)

2. «Төбе би» атанған, шешендік сөздің майталманы кім?(Қазыбек)

3. Қабанбайдың шын аты — (Ерасыл)

4. 1680 жылы дүниеге келіп, 1775 жылы қайтыс болған батыр кім?(Бөгенбай)

5. Бөгенбай қандай мектепте оқыған?(сарбаздар)

Екінші станцияның атауы – Тараз. Жақсы. Енді Тараз қаласына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жазамыз.

1 сұрақ: Қай ғасырдан бастап Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналған?

2 сұрақ: Тараз қаласында кімдердің кесенелері бар?

3 сұрақ: Қай ғасырдан бастап Тараздың бірте-бірте халқы азайып, шағын елді мекенге айналады?

ТАРАЗ

VII ғасырдан бастап Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналған. Осында Айша бибі кесенесі мен Бабажы қатын кесенесі, әйгілі ең алғашқы Тараз моншасы бар. X-XII ғасырлар – қаланың ең гүлденген кезі. XVII ғасырдан бастап бірте-бірте халқы азайып, шағын елді мекенге айналады.

Пойыз орнынан қозғалды. Келесі станция қалай аталады? Мына сөзжұмбақта үшінші станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап станцияның атауын шешеміз.

Сөзжұмбақ «Қазақ тілін зерттеген ғалымдар»

1. «Жетісу тарихының шежіресі» еңбегін жазған ғалым кім?(Бартольд)
2. «Тюрколог» қазақша аудармасы қалай?(түрколог)
3. Қандай ғалым 1884 жылы Орыс академиясына мүше болды?(Радлов)
4. В.В.Радлов түрік тілінде төрт томдық не құрастырды?(сөздік)
5. Сауранбаевтің әкесінің аты – (Тінәлі)
6. Сауранбаев жоғары оқу орындарында не берді?(сабақ)
7. Радлов кіммен бірге Орхон-Енисей жазуын оқиды?(Томсен)
8. Айдаровтың аты – (Ғұбайдолла)
9. Ғ.Айдаров 10 не жазған?(монография)

Үшінші станцияның атауы – Түркістан. Жақсы. Енді Түркістан қаласына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

Түркістанның тарихы:

IV – X ғасырларда –

IX –X ғасырларда –

XII ғасырда –

XV ғасырдан бастап –

IV – X ғасырларда бұл қаланың орнында Шабғар деген үлкен қала болған. IX –X ғасырларда ол жақсы қалалар қатарына қосылып, гүлденеді және осы кезден бастап Йаса (Йасы) деп аталады. XII ғасырда өмір сүрген ақын, философ – Ахмет Йассауи. Ал XV ғасырдан бастап Түркістан деп аталады. «Түркістан» деген сөз «түріктер мекені, елі» дегенді білдіреді.

IV. Сергіту сәті.М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңінен үзіндіні мәнерлеп оқу.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңір берген несібі ғой.

V. Мұғалім сөзі: — Пойыз ең соңғы реторнынан қозғалды. Соңғы станция қалай аталады? Мына сөзжұмбақта соңғы станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап станцияның атауын шешеміз.

1. Ахмет Йассауидің кесенесі қай қалада?
2. Тараз қаласы қандай тарихи жол бойында орналасқан?
3. Отырарда монша, мешіттен басқа не болған?
4. Сырдария не?
5. Таразда ең алғашқы әйгілі не бар?
6. «Түркістан» деген сөз нені білдіреді?

Ең соңғы станция «Кесене» деп аталады. Жақсы. Енді «Кесене» тақырыбына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

Сұрақтар:

1. Айша бибі кесенесі қай қалада?
2. Ахмет Йассауи кесенесі қай жерде орналасқан?
3. Бабажы қатын кесенесі қай қалада?

VI. Ахмет Йассауи кесенесіне тоқталып өтейік.

— Түркістан дегенде, Қожа Ахмет Йассауи еске түседі. Яғни, Түркістан қаласы Қожа Ахмет Йассауи атымен әйгілі болды. Балалар, Қожа Ахмет Йассауи кім болған?

Ахмет Йассауи – XII ғасырда өмір сүрген ақын, философ. Білімді, ақын – халық құрметіне ие болған «әулие» атанған. Оның туған және қайтыс болған жылдары әлі анық емес. Әлемге әйгілі шығармасы – «Диуани Хикмет».

1397 жылы қаһарлы Ақсақ Темір (әмір Темір, Тимур – завоеватель, полководец Темирлан) А.Йассауидің құлайын деп тұрған күмбезінің орнына кесене салуға бұйрық берді.

Ахмет Йассауи кесенесінде әлемге әйгілі Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр, Есім хан, Жолбарыс хан, Ақсақ Темірдің шөбересі Бабыр хан т.б. жерленген.

VII. Күні бұрын берілген Нұраш Жиенғалиұлының «Армысың, Түркістан» өлеңін оқушылар жатқа оқиды.

1-бала:

Армысың, Түркістандай қаламыз, Ұлан-ғайыр он бес ғасыр өткізген,
Атың шалқып сілкінгендей санамыз. Кәрі жүрек соғып тұрған данамыз.

2-бала:

Халқың сенің қуанады мақтанып, Талай ғасыр дақ түспеген даңқына,
Аруақты Түркістанды бақ танып. Кім де болса қайран қалар шаттанып.

3-бала:

«Кіші Мекке» мұсылманның тірегі, Әмір Темір өзі бас боп салдырған,
Түркістанның иесі қазақ күйеді. Нұр сәулетті сағанасы киелі.

4-оқушы:

Бұл өлкенің табиғаты тамаша, Имандылық нұрын шашқан осында,
Дария-сулар толқын атқан жараса. Қожа Ахмет Йассауидей дана ата.

5-бала:

Ұлы баба, сөйле бүгін барыңды, Түркістанның тойлап жатыр дүрілдеп,
Көңіліңнен шығар отты жалынды. Ұрпағыңмен қарсы ал бірге таңынды.

IX. Қорытынды. Бағалау.

— Балалар, бүгін біз қазақ елінің тарихи ежелгі қалаларын толық қайталадық. Ежелгі қалалар туралы білімдеріңді пысықтадыңдар.

X. Үй тапсырмасы: М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңінен үзіндіні жаттау.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңір берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Шер батса – кім іздемес туған елін,

Тұлпар да көксемей ме туған жерін?

Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерін!

№35

Тақырыбы: «Көкшетау!»

Мақсаты:Туған өлкеге,қалаға деген сүйіспеншілігін арттыру.

К өшелер,ескерткіштер,мемлекеттік мекемелер

туралы әңгімелесу. Қоршаған ортада мінез-құлық

Әдіс-тәсілдер: Әңгіме,сұрақ-жауап,ойын, тақпақтар.

Барысы: Алдын-ала жұмыс: Қаланың көрікті көшелерін,ескерткіштерін көрсетіп таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы кіріспе әңгіме.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны ойналады.

Барлығымыз тұрып Әнұранды айтамыз.

- Балалар, біз қандай Республикада тұрамыз?

- Қазақстан Республикасында тұрамыз.

- Астанамыз қай қала?

- Астана қаласы.

- Ал, біз қай қалада тұрамыз?

- Көкшетау қаласында тұрамыз.

Тәрбиеші Көкшетау қаласы туралы әңгімелейді.

Балалар, қаланың атауы Көкшетау тауына байланысты қойылған. Көк тау деген сөзден шыққан. Ерте заманнан бері Көкшетау жері туралы көптеген аңыздар және өлеңдер шығарылған. Осы өңірден талай атақты ұлы тарихи тұлғалар шыққан. Мысалға, Ақан сері, Біржан сал, Абылайхан, Кенесары, Қабанбай,Бөгенбай батырлар, Батыр Баян және т.б. көптеген дүрілдеген есімдерді еске түсіруге болады. Бұл жерлердің тарихында елімізде,жерімізде болып өткен қым-қиғаш оқиғалар барлық кезеңдік сәттерді басынан кешірді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Көкшетауға әскери госпитальдар, қорғаныс өнімдерін шығаратын зауод,фабрикалар қоныстады. Бәрі «Майдан үшін!.,Жеңіс үшін!» деген қағидамен өмір сүрді.

Батырлардың атымен көшелер аталды, мұражай мен мемориалдық кешендер ашылды. Тың игеру жылдарында мәдениет, денсаулық сақтау, білім берудің негізгі нышандары мен әуежай, теміржол және автовокзалдар ашылды. Жаңа мөлтек аудандар пайда болды.

1999 жылы 8 сәуірде қала астаналық Ақмола облысының орталығы болды. Осы жылдардан кейін көптеген өзгерістер болып, әртүрлі жүйелер жедел қарқынмен дамып келеді. Қаланы және қоршаған әсем табиғатты, жарқын да келелі келешек күтіп тұр!

Суретпен жұмыс: Қаланың мекемелері, көшелері оқу орындары, демалыс саябақтар жөнінде әңгімелейді.

- Балалар, сендер орталық алаңға бардыңдар ма?
- Онда кімдерге арнап ескерткіштер қойылған?
- Демалыс саябағында нелер бар?

Біздің қаламызда бұдан басқа бірнеше мектептер, мәдени орындар, оқу орындары және балабақшалар бар.

- Қане, кім айтады «Еркемай» балабақшасы қай жерде, қай көшеде орналасқан?
- Сендер өздерің тұратын көшелеріңді білесіңдер ме?
- Кім өзінің тұрақты мекен жайын толық айтып бере алады?

Ал енді шаршаған болсақ, Сергіту сәтін жасайық:

Тербеледі ағаштар,

Алдынан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

- Балалар, сендер балабақшадан кеткен соң, мектепке барасыңдар, мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түсесіңдер, оны аяқтаған соң біреуің мұғалім, біреуің дәрігер, құрлысшы т.б. мамандық иесі болып, осы біздің қаламызды көркейтуге еңбек етіп, үлес қосасыңдар.

Ойын: «Туған қалаға саяхат»

О/м: Туған қала, онда қандай мамандық иелері тұратындығы, көлік түрлері, ондағы мәдени орындар жөнінде балалардың білімдерін бекіту.

О/ш: Белгі бойынша суреттерді табу.

О/б: Жүргізуші 4 бағыттағы суреттерді таратып береді:

1-де қала тұрғындары;

2-де адамдар еңбегі;(құрлысшы, почтальон,жүргізуші)

3-де көлік түрлері (автобус,машина);

4-де мекемелер мен мәдени орындар;

Белгі бойынша суреттердің мазмұнын әңгімелеу толық әңгімелеу керек.Әр топтың балалары сурет бойынша жүргізушінің сұрақтарына толық жауап беруі тиіс. Толық жауап берген топ жеңіске жетеді.

Суреттерді ауыстыру арқылы қайталап ойнауға болады.

- Ал, енді балалар, кім Көкшетау туралы тақпақ біледі?

1 бала: Жаса,жаса Көкшетауым,

Жасыл желек бауларым.

Жақсы көріп аялашы,

Қоныстанған бар қауым!

2 бала: Арайланшы,Көкшетауым,

Асқақтасын жыр-әнің.

Сенемін мен қасиетіңе,

Болашақтыі жақ шамын!

3 бала: Көрсем-ау деп Көкшені

Талай адам көкседі.

Көрген кезде Көкшені

Қуаныштың жоқ шегі!

4 бала: Қуаныштың шоқ шегі

Көргендерге әрдайым.

Сұлулығы Көкшенің

Қақтыратын таңдайды.

Қорытынды: Белсенді қатысқан балалардың аттарын атап өтіп, барлық балаларға алқа тағып тәрбиеші сабақты аяқтайды.

№36

Тақырыбы: Екібастұз

мақсаты: мәтіндегі негізгі ой мен идеяны ұғындыру; байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілуіне жағдай жасау; еліміздің қазба байлықтарының қорғап, сақтап қалудың жолдарын қарастыруда өздерін эколог маман ретінде сезуіне мүмкіндік беру.

ресурсы: Екібастұз туралы слайд, ұнтаспа, таскөмір түрлері

әдіс-тәсілдері: тест, сұрақ-жауап, есеп шығару, бейнефильм

Барысы:


Психологиялық ахуал

Бір бала алдына жығып:

- Достар, көңіл күйлерін қалай?
- Керемет! (хормен қолдарын жоғары көтеріп)
- дайындықтарын қалай?
- Тамаша! (алақан соғады)
- Ынталарын қалай?
- Ғажап! (бес сауғанын жайып, бұлғайды)
- Ендеше, бастаймыз ба?
- О-о-о! (бас бармақтарын көрсетіп)

Ұйымдастыру кезеңі

1.«Топтастыру»



I.Қызығушылықты ояту

1-Осылардың әрқайсысын біз қайдан аламыз? (табиғаттан)

-Қазір табиғат қандай?

-Ендеше бізге қазір не қажет?

-Ал, жылуды қайдан аламыз?

-Таскөмірді қайдан пайда болғанын білгілерің келе ме? Бейнефильм «Көмір»

2.Көмір түрлерін көрсетіп, қасиеттеріне тоқталу

-Көмір өндіретін орынды, өндіруші адамдарды кім дейміз?

-Көмірді тағы қандай қалада өндіреді екен?

-Бүгінгі сабағымызды тақырыбы не екен?

3.Ендеше, ұнтаспаны мұқият тыңдауларыңды сұраймын.

II. Мағынаны тану

1.Ұнтаспадан «Екібастұз» аңызын тыңдау

2.Сөздік жұмысын жүргізу

Адырлы дала- төбелі жерлер
Шөпшек (шөмшек)-қураған бұта, шөптердің қалдығы
Тезек- отын орнына пайдалаланатын малдың кепкен қиы
Сұрақ: Бұл шығарманың қай түрі? (аңыз)

-Аңыз туралы не білесің?

-Неге олай ойлайсың?

-Ал мәтіннің негізгі идеясы неде деп ойлайсың?

4.Слайд «Екібастұз қаласы» түсіндіру.

Сергіту сәті музыкалық «Аяқпенен топ-топ»

Жұппен жұмыс:

1-қатар: мәтінді есеп шығару

А) Екібастұз қаласының білім беру жүйесінде 49 мектеп, оның ішінде ауылдық – 23.
Қалалық мектеп нешеу?

2-қатар: Берілген сөйлемдерден етістікті тауып, астын екі сызықпен сызу

Екібастұз қаласында 20 мәдени мекемелері қызмет етеді. Екібастұз елді мекені
1898 жылы ашылған. Екібастұз аймағында 37 емделу-сауықтыру мекемелері қызмет
көрсетеді

3-қатар: Сұрақ: Егер сен далада алтын немесе бағалы басқа зат шығатын жерге тап
болсаң, не істер едің?

Мини тест.

1.«Екібастұз» деп аталуының себебі не?

А) Түйір-түйір қара домалақ тастарды тауып алғандықтан

Ә) Отқа түскен бір уыс қара тастардың қызуы күшейіп, жаңа бастағындықтан

Б) Бұл жерді оңай табу үшін үлкен-үлкен тұзды бірінің үстіне бірін қойып
кеткендіктен.

В) «Екі бас тұз қалған жер» деп іздегендіктен.

2) Екібастұз Қазақстанның қай өңірінде орналасқан?

А) Оңтүстігінде Ә) Солтүстігінде

Б) Батыста В) Шығыста

3) Екібастұз жерінде көмірдің табылуына кім немесе не себеп болды?

А) тезек теруші

Ә) тышқан

Б) қара домалақ тасты отқа лақтырған адам

Өзін-өзі тексеру: тақтаға қарап, өз жұмыссыңды тексеріп,
бармағыммен бағалау.

III. Ойтолғау

1. Қорытынды:

Бүгін мен білдім

Қызықты болды ...

Қиын болды ...

Мен тапсырмаларды орындадым ...

Енді мен білдім ...

Мен үйрендім ...

3. Бағалау

4. Үйге тапсырма беру:

А)мәтіннің мазмұнын дайындау

Ә) «Екібастұз» мәтіні бойынша сурет салу

Б) «Бес жолды өлең» стратегиясы (алгоритм)

1.Зат есім (1 сөз)

2. Сын есім (2 сөз)

3. Етістік (3 сөз)

4. Қорытынды ой (4 сөз)

5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)